Тексерілген күні: 1.10.2025
Әдіскер: [подпись] А.Ж. Жумагалиева

# ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

**Қазан айы (1 апта)**

**Мектепке дейінгі ұйым :«Балбөбек» жеке бөбекжайы**
**Топ: «Құлыншақ»аралас (ерте кіші жас)**
**Балалардың жасы: 1-2 жастағы балалар**
**Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 01.10-03.10.2025ж.**
**Қазан- Тәуелсіздік және отаншылдық айы**

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **01.10.2025** | **02.10.2025** | **03.10.2025** |
| **Апта дәйек сөздері «Ел –жұртымның бақыты аталатын, сөнбесін мәні сенің ,Отан ,атың»** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>Нейрожаттығу ойынымен балаларды қабылдау.<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті) | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | | | "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері" | "Балаға айналадағы заттардың атауын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қоюдың ерекшеліктері" | "Балаға айналадағы заттардың атауын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қоюдың ерекшеліктері" |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | | | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу.<br>"Пирамиданы жинау ойыны. (сенсорика)<br>**Міндеттері:**Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндік жасау; ойлау, қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Кім пирамиданы шашқан, | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: "Ұйымдастырылған іс-әрекеті кезінде оқу құралдарын тарату және орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру.<br>"Саусақ жаттығуы. "Бес саусақ". **(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)**<br>**Міндеттері:** Қолдың ұсақ моторикасын, сөйлеу тілін, жағымды эмоцияларды дамыту, ақыл-ой дамуына ықпал ету.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Оларды атап шақырар, | Ұлттық сезім күні<br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: Балаларды тамақ ішкенде табақшаларды, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинастыру іскерліктерін ынталандыру.<br>Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық". **(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)**<br>**Міндеттері:** Балаларды қимылдарынсоңынан саусақтармен қимылдар жасауды, жаңбырдың сипатын қабылдауға ынталандыру.<br>Жаңбыр жауса – тұрмайық, (саусақтармен үстелге соққылау, сұқ саусақпен бұлғау)<br>Қолға шатыр алайық (шапалақтау)<br>Там-там – сокса тамшылар, (саусақтармен үстелге соққылау) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Сақинаны ойнап басқан,<br>Өткір тырнақтарын бүріп,<br>Домалатып, айдап кашқан?<br>Қимылды ойын. «Доптарды салу»<br>**Міндеттері:** Доптарды себетке сала алады.<br>Ойынды ұйымшылдықпен ойнай біледі.<br>**(дене тәрбиесі)** | Әрқайсының аты бар.<br>Бас бармақ,<br>Балаң үйрек,<br>Ортан терек,<br>Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек. | Жамылып, отырайық (алақандарымен бастарының төбесін жабу).<br>Д. Ахметова<br>**«Жапырақ жинайық» дидактикалық ойыны.**<br><br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларды жапырақтарды түстеріне қарап ажыратуға жаттықтыру; қызыл, сары жапырақтарды екіге бөліп, екі себетке салуды үйрету.<br>Құралдар: сары және қызыл жапырақтар, екі себет (үлкен және кішкентай).<br>**(сенсорика,)** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | 1 – Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, қолды төмен түсіріп тұру.<br>1.1. – қолды жан-жаққа созу, жоғары көтеру, саусақтарды қимылдату, "Жалауды желбіретейік" деп айту, демді ішке тарту.<br>1.2. – қолды төмен түсіру, демді сыртқа шығару (3 рет қайталау).<br>2. Бастапқы қалып: аяқтарды сәл алшақ қойып, қолды төмен түсіріп тұру.<br>2.1. – басты оңға ию, қолды екі жаққа жіберу, жалауларды желбірету.<br>2.2. – Бастапқы қалыпқа оралу.<br>2..3. – басты солға ию, қолды сырғытып төмен түсіру, жалаулардың басын жоғары қаратып тік ұстау.<br>2.4. – Бастапқы қалыпқа оралу (3 рет қайталау).<br>3. Бастапқы қалып: аяқтарды бірге қою, қолды төмен түсіріп тұру.<br>3.1. – жерге отыру, қолды жанына қою, жалауларды желбірету.<br>3.2. – Бастапқы қалыпқа келу.<br>3.3. – жерге отыру, қолды алға жіберу, жалауларды желбірету.<br>3.4. – Бастапқы қалыпқа келу (3 рет қайталау).<br>(дене тәрбиесі) | | | | |
| **Таңғы ас** | Гигиеналық дағдылар<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Сабынды дұрыс қолдануды, қолды жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>Тазалықтың досы<br>Су дегенің осы.<br>""Үнемді тұтыну"": Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты аузды жауып шайнау.<br>Балаларға тамақ ұнайды,<br>Балалар ешқайда асықпайды,<br>Бір жапырақ нанды<br>Үгітпей жейді,<br>""Рақмет"" дейді. (Д. Ахметова)<br>Ас - адамның арқауы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | «Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау.<br>"Күй күмбірі": "Бозінген" - Сүгір (орындаған Жаңғали Жүзбай) https://kitap.kz/music/2/zhangali-zhuzbaydyng-sherlken-kuyleri<br>«Өнегелі тәрбие»: Табиғат және қоршаған әлем. Тақырыбы: «Бізді қоршаған табиғат». Мақсаты: қоршаған заттарды күту, табиғатты аялау үлгілерін көрсету. Жайлы дамытушы білім беру ортаны қалыптастыру | | | | |
| | | | Тақпақты мәнерлеп оқу жаттығуы. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Міндеттері:** Балалардың шығарманы суретке қарап, көркем сөзді тыңдауға үйрету; таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.<br>Қадыр Мырза Әлі «Күз».<br>Күз де келді, күз келді,<br>Күдерін жаз үзген-ді.<br>Күз де келді, күз келді,<br>Көкте бұлттар жүзді енді.<br>Күз де келді, күз келді,<br>Құстар мекен іздеді.<br>Күз де келді, күз келді,<br>Қондырмады түзге енді.<br>Күз де келді, күз келді,<br>Керек оқу бізге енді. | "Ғажайып дорба" ойыны. **(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Міндеттері:** Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен, заттардың түсін, көлемін, пішінін білдіретін сын есімдермен байыту; қасиеттерін тануға ынталандыру. | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | | | **Дене тәрбиесі**<br>"Салтанатты адым".<br>**Міндеттері:** Балаларға тізені жоғары көтеріп жүруді үйрету; тізені жоғары көтеру, адымдау арқылы дене қимылдарын жетілдіру. Тізені жоғары көтеріп жүру арқылы балалардың жылдамдық қабілеттерін дамыту; тізе жаттығуларын жасату кезінде ағзасын жетілдіру; эмоциялық көңіл күйлерін көтеру. Балаларды шапшаңдық қабілеттерін тез игере білуге баулу. Жалпы дамытушы жаттығуларды соңынан | **Дене тәрбиесі**<br>"Әдемі, салтанатты адым жасайық".<br>**Міндеттері:** Балалардың тізені жоғары көтеріп жүру дағдыларын дамыта отырып, адымдау арқылы дене қимылдарын жетілдіру; тізені жоғары көтеріп жүру арқылы балалардың жылдамдық қабілеттерін дамыту; тізе жаттығуларын жасату кезінде қимыл икемділігін жетілдіру; эмоциялық көңіл күйлерін көтеру. Жалпы дамытушы жаттығуларды соңынан қайталап, ойындарды ойнату, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қайталап, ойындарды ойнату, балалардың денсаулығын нығайту. Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру. Балалардың қимылды ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ету. "Маған қарай адымдаңдар" қимылды ойыны. Мақсат: Ауызша нұсқауларын толық орындауды үйрету. **(дене тәрбиесі)** | балалардың денсаулығын нығайту. Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру. Балалардың қимылды ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ету. "Жалаушаны әкел" қимылды ойыны. Қимыл икемділігін дамыту, тізіені жоғарып көтеріп жүруді, кедергілерден аттауды үйрету. **(дене тәрбиесі)** | |
| | | | Сурет салудан ойын-жаттығулар "Жапырақтар түсіп қалды". **Мақсат:** Балаларды біркелкі заттар мен геометриялық пішіндерді ортақ пішініне қарай біріктіруді және ажыратуды үйрету; пішіндер қасиеттерін қоршаған ортадағы заттар арасынан тауып алып, бөлуге жаттықтыру; пішіндерді, үлгіге немесе сөздік нұсқамаға сүйеніп, ортақ қасиеттер бойынша біріктіру, бөлу тапсырмаларын орындауға дағдыландыру; айырмашылығы мен ұқсастығы жақын пішіндерді (домалақ пен сопақша) салыстыра білу қабілеттерін қалыптастыру. Ауада сурет салу жаттығуы. **Мақсат:** Ауада сурет салу тәсілдерін көрсету. Қимыл икемділігін жаттықтыру. | "Жапырақты құрастыр" үстел үсті жаттығуы. **(құрастыру)** **Мақсат:** Қарапайым құрылысты, жапырақтың бейнесін, үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыруға ынталандыру. Қатты қағаздан жасалған, әрқайсы бірнеше (4-6) бөлікке бөлінген, сары, қызыл-сары, қызыл, жасыл түсті түрлі ағаштар жапырақтарын (қайың, терек, үйеңкі) ұсынады. | |
| **2-ші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Ересектің бақылауымен белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қауіпсіздік. Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту.<br>Біз ақылды баламыз,<br>Мұқиятты боламыз:<br>Апайлардың айтқанын | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құлақ салып тыңдаймыз:<br>Қызықты болса да заттарды<br>Жерден алып көтермейміз.<br>Жерге түскен заттар, тіпті<br>Болу мүмкін қауіпті.<br>Ұялмаймыз -<br>Апайдан сұраймыз. (Д. Ахметова) | | | | |
| **Серуен** | | | **Картотека№** 1 | **Картотека№** 8 | **Картотека№** 10 |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Сабынды дұрыс қолдануды, қолды жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Алақандар қайда?<br>Тығылыпты сайда.<br>Қане, суға тосайық,<br>Жуынайық. (Д. Ахметова)<br>"Үнемді тұтыну": Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. | | | | |
| **Түскі ас** | Гигиеналық дағдылар<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.<br>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау.<br>Ас - адамның арқауы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға ынталандыру. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | | | Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдайды. **(музыка)** | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастырады.<br>«Жеті лақ» ертегісін оқып беру. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды біледі.<br>«Бауырсақ» ертегісін оқып беру. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | Ұйқыдан тұрғаннан кейін төсекте жатып жаттығу жасау; төсектерінен тұрмай жатып, көрпелерін ашпай жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды (төсекте жатып 2-3 минут жасалатын жаттығулар балалардың ұйқысы ашылып, сергек болуына бағытталған). Жаттығуды ұйқыдан оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады).<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>(дене тәрбиесі) | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | | | Саусақ жаттығуы. "Құлыптар".<br>**Міндеттері:** Баланың тілін, қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру.<br>Саусақтарды ойнатайық, (саусақтарын жыбырлату)<br>Бір-біріне уқалайық. (қос алақанды уқалау)<br>Арасына өткізіп, (алақан саусақтарын бір-бірінің арасынан өткізу)<br>Мықты құлыптар жасайық. (қос қолды жұдырыққа қысу, "құлып" жасау) **(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>Д. Ахметова<br>«Дананы серуенге шығарайық» сюжетті-рөлдік ойыны.<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>Міндеттер: Жыл мезгілінің ерекшелігіне байланысты дұрыс киіну үлгісін көрсету.<br>Қуыршақтың дене мүшелерін дауыстап атау, балаларға қайталатып айтқызу. | "Киюді үйрену" атты мультфильмін көру.<br>**Міндеттері:**Бас кейіпкерлердің қимылдарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; киіну тәртібін есте сақтап, ойынға ынталандыру. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>Саусақ жаттығуы. "Ұшты таллан жапырақ".<br>**Міндеттері:**Балада жапырақтардың жерге түсуі туралы ұғымдарын қалыптастыру, тілін, қолдың ұсақ моторикасын; жаттығуларды жасағанда жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру. | "Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы.<br>Міндеттері:Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру.<br>Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау),<br>Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау).**(дене тәрбиесі)**<br>«Қоян секіруден шаршады» музыкалық-дидактикалық ойыны.<br><br>**Мақсат:**<br>Балаларға қоян сияқты секіріп жүруді үйрету. Музыка ырғағын сезінуді, қимыл үйлесімділігін дамыту.<br><br>– Қарандаршы, балалар, мына жерде көп іздер жатыр. Бұл нені ізі? Қалай ойлайсыңдар? (Еденде қоянның боялған іздері көрініп жатыр.)<br>**(музыка)**<br>«Күз бізге не әкелді?»<br>Мақсат-міндеттер.<br>Күз бізге не әкелгені туралы білімдерін бекіту. Көкөністер мен жемістердің адам ағзасына пайдасы туралы түсініктерін бекіту. Ойын арқылы түстерді, жемістер мен көкөністерді ажыратуды және атауды үйрету.<br>Көрнекіліктер: күздің суреттері, жемістер мен көкөністердің суреттері.<br>Ойын шарты.<br>Балаларға заттардың суреттерін көрсетіп, оларды бір-бірінен ажырату керектігі айтылады. Ойын барысында балалардың жемістер мен көкөністер туралы білетін тақпақтарын айтқызуға болады.(**қоршаған әлеммен таныстыру, )** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | | Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық".<br>Жаңбыр жауса – тұрмайық,<br>Қолға шатыр алайық<br>Там-там – сокса тамшылар,<br>Жамылып отырайық.<br>Д. Ахметова<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)** Ақнұрке | Ермексаздан көлемі бірдей кесектерді жұлу әдісін игерту. "Жапырақтар".<br>**(мүсіндеу)**<br>Хамзаға | Саусақ жаттығуы. "Құлыптар".<br>Саусақтарды ойнатайық,<br>Бір-біріне уқалайық.<br>Арасына өткізіп,<br>Мықты құлыптар жасайық.<br>Д. Ахметова<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>Аялаға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Серуен** | | | Картотека№ 12 | Картотека№ 15 | Картотека№ 8 |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Сабынды дұрыс қолдануды, қолды жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Алақандар қайда?<br>Тығылыпты сайда.<br>Қане, суға тосайық,<br>Жуынайық. (Д. Ахметова)<br>"Үнемді тұтыну": Біз ақылды баламыз. «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Әңгімелесу: "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері", "Балаға айналадағы заттардың атауын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қоюдың ерекшеліктері". | | | | |
| | | | | | |

Тәрбиешілер : Исмагулова Д.Г Фатхоллина А.Ж

Тексерілген күні: 03.10.2025
Әдіскер: [signature] А.Ж. Жумагалиева

# ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

**Қазан айы (2апта)**

Мектепке дейінгі ұйым :«Балбөбек» жеке бөбекжайы
Топ: «Құлыншақ»аралас (ерте кіші жас)
Балалардың жасы: 1-2 жастағы балалар.
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 06.10 – 10.10.2025ж.
**Қазан- Тәуелсіздік және отаншылдық айы**

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | **06.10.2025** | **07.10.2025** | **08.10.2025** | **09.10.2025** | **10.10.2025** |
| **Апта дәйек сөздері «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас»** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбындағы әуенді қосып қарсы алу.<br>Сәлемдесу<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | «Баланың балабақшада өткен тақырыптары жайында ата-ананың хабардар болуының маңызы» | «Баланың балабақшада өткен тақырыптары жайында ата-ананың хабардар болуының маңызы» | «Балаға күз туралы қарапайым тақпақтарды жаттату және жаттығулар жасату» | «2 жастағы баланың тілін қалай дамытуға болады?»<br>https://bilimkids.kz/correction_work/6218 | «Баланың қандай жеміске немесе көкөніске аллергиясы бар?» |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | **«Өнегелі тәрбие»**<br>Еңбек: табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикуске суқұйғышпен су құюды көрсету.<br>«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимнін орындау.<br>Міндеттер: балалардың патриоттық тәрбиесін қалыптастырады.<br>**(музыка)**<br>«Біз баққа барамыз»<br>«Қуырмаш»<br>Міндеттер: балалар ән сөзіне қарай қимыл жасай алады. Қолдың ұсақ моторикасы дамиды. | **«Өнегелі тәрбие»**<br>Еңбек: «Топтың ішін ретке келтір».<br>Міндеттер: Балаларды ересектерге көмектесуге машықтандыру; шкафтағы ойыншықтар мен құралдардың ретсіздігін байқап, тазалық орнатуға кірістіру; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру.<br>«Пішінсалғыш ойыншықпен ойын». (сенсорика, көркемсөз)<br>**Мақсат:** Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндік жасау; ойлау қабілетін, зейінін, қолдың моторикасын дамыту. | **«Өнегелі тәрбие»**<br>Еңбек: балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қалірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу.<br>«Пирамида жинау» ойыны.<br>**(сенсорика)**<br>Міндеттер: Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Ойлау, қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Кім пирамиданы шашқан,<br>Сақинаны ойнап басқан,<br>Өткір тырнақтарын бүріп,<br>Домалатып, айдап қашқан?<br>Тақпақты мәнерлеп оқу | **«Өнегелі тәрбие»**<br>Еңбек: ұйымдастырылған іс-әрекеті кезінде оқу құралдарын тарату және орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру.<br>Саусақ жаттығуы. «Бес саусақ».<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсат:** Қолдың ұсақ моторикасын, сөйлеу тілін, жағымды эмоцияларды дамыту, ақыл-ойдың дамуына ықпал ету.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Оларды атап шақырар,<br>Әрқайсының аты бар.<br>Бас бармақ,<br>Балаң үйрек,<br>Ортан терек, | **«Өнегелі тәрбие»**<br>Еңбек: балаларды тамақ ішкенде табақшаларды, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинастыру іскерліктерін ынталандыру.<br>«Бұл кім?» ойыны.<br>**Мақсат:** Балалардың сөздік қорын үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын білдіретін зат есімдермен байыту. Балалардың еліктеу арқылы тани білу, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту; зеректікке, ұғымталдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар орындықта отырады. Балалардан иттің қалай үретінін, мысықтың қалай миаулайтынын, сиырдың қалай мөңірейтінін, қарғаның қандай дыбыстар шығаратынын (көкек, торғай, көгершін, сауысқан) көрсетуді сұрайды. Балаларға мұны істеу қиын болса, ересектер көрсетеді.<br>– Балалар, біз ойынды біраз өзгертейік. Балалардың бірі аңға немесе құсқа ұқсаған дауыспен ғана емес, өзіне тән қимылдармен еліктеп көрсетеді. Әдетте, қоянның қалай секіретінін көрсеткісі келетіндер |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(музыка)** | Пішіндер шашылып қалды,<br>Үйшіктеріне қонбады.<br>Қане, барлығын жинайық,<br>Ұяларға салайық.<br>Саусақ жаттығуы. | жаттығуы. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Міндеттер:** Балалардың шығарманы суретті қарап немесе көрнекіліксіз көркем тыңдауға үйрету; таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев<br>«Қияр» (орыс халқының тақпағы)<br>Қияр, қияр, шет-тысқа<br>Бара көрме, желігіп:<br>Жеп қояды бір тышқан<br>Құйрығыңды кеміріп. | Шылдыр шүмек,<br>Кішкене бөбек.<br>BilimKids-тің «Қуыршақ» әні.<br>Міндеттер: балалар әннің сөзіне қарай қимылдар жасай алады.<br>Қолдың ұсақ моторикасы дамиды.<br>**(музыка)** | көп болады. Бірақ барлық аң құстарды көрсетсін. Кім қоян болып ұзақ тұра алатынын және оны кім қоянға ұқсата алатынын анықтау ғана қалады.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>**«Алмалар шашылды» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)**<br>**Мақсат:** Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балаларды көркемсөзге жағымды эмоциялық жауап беруге және белгілі сөздерден кейін (сигнал тәрізді) жан-жаққа жүгіруге талпындыру; алманың жеміске жататынын, күзде пісетіні туралы ұғымдар қалыптастыру.<br>– Балалар, күзде жеміс ағаштарында, бау-бақшада алмалар да піседі.<br>– Қане, балалар, піскен алмаларды жинайық.<br>Педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, бір бағытта жүргізіп, белгілі сигнал сөздерімен кейін балаларға жан-жаққа жүгіруді ұсынады, алма теруді көрсетеді, балалар еліктейді, тоқтап, шоқайып отырып, қайта тұрып, әрі қарай бағыттайды.<br>Алма бақта көп алма,<br>Қызыл алма, көк алма.<br>Күз келді, тез жинаңдар,<br>Кеш қалып қалмаңдар. (Д. Ахметова) |
| **Ертеңгілік жаттығу** | Жаттығулар кешені. (дене тәрбиесі)<br>1.«Қанаттарымызды қағамыз» жаттығуы.<br>Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде.<br>Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы қалыпқа ораламыз. Демді ішке тартамыз.<br>Қолымызды төмен түсіреміз. Демді сыртқа шығарамыз.<br>Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау)<br>2.«Шапалақтаймыз»<br>Бастапқы қалып: аяқты иықтың еніне қоямыз. Қол төменде.<br>Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде шапалақтаймыз.<br>Бір. (Балалар қолдарын көтереді.)<br>Екі. (Балалар шапалақтайды.) (3 рет қайталау.)<br>3. «Көңілді баламыз».<br>Бастапқы қалып: аяқ иықтың енінде, екі қол белде.<br>Бір орында секіру. 8 рет.<br>Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы. | | | | |
| **Таңғы ас** | Гигиеналық дағдылар<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.<br>Сабындаған кезінде | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">Ашытады көзіңді.<br>Бола білсең төзімді,<br>Тап-таза етер өзіңді.<br>Тазалықтың досы -<br>Сабын деген осы.<br>Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тіс тазалау дағдыларын қалыптастыру. «Біз ақылды баламыз», «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну», табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.<br>Дәмді екен ботқасы,<br>Дақылдардың қоспасы.<br>Ішіп болсақ, майлықпен<br>Ауыз сүртіп алдымен,<br>Қуанышты боламыз,<br>Орнымыздан тұрамыз. (Д. Ахметова)<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, тіл дамыту және көркем әдебиет)</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық</td><td colspan="5">«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимнін орындау.<br>«Күй күмбірі»: Мүкейдің күйі «Қосбасар» (орындаған Мұрат Абылгазин). https://kitap.kz/music/2/murat-abugazynyng-oryndauyndagy-kuyler<br>Отбасы және отбасы құндылықтарын дәріптеу. Тақырыбы: «Менің отбасым». Мақсаты: отбасы туралы әңгімелесу, отбасыда кім және қандай міндет атқаратынын анықтау. Қауіпсіз жайлы дамытушы білім беру ортаны қалыптастыру</td></tr>
<tr><td></td><td>«Жаңбыр» жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсат: сөздердің айтылу жылдамдығын ажыратуды үйрету, «тырс-тырс-тырс» деген сөздерді айтқызу, сонымен қатар әртүрлі қарқынмен: баяу, орташа, тез айтуға болады.<br>Төбеге тамшылар тамып жатыр. («Тырс-тырс-тырс» деген дыбыстарды орташа ырғақпен дыбыстау.) Балалар қайталайды.<br>Жаңбыр жаңадан жауа басталған кезде оның тамшылары сирек тамып, басқаша тырсылдатады. («Тырс-тырс-тырс» деген дыбыстарды баяу, созылыңқы ырғақта, кідіріс жасап, айтып дыбыстайды). Балалар қайталайды.<br>Егер жаңбыр қатты жауып тұрса, онда тамшылар төбені</td><td>Балалардың көтеріңкі көңіл күйін қалыптастыру.<br>Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, көркемсөзді қайталау)<br>Көркемсөз.<br>Асқаржан Сәрсеков «Күзгі көрініс».<br>Күздің салқын самалы<br>Аймалайды маңдайдан,<br>Алып қашып барады<br>Жапырақты сарғайған.<br>Тыныстаған ырғалып<br>Бақ-бау қандай, гүл қандай?<br>Сары қыздар жиналып,<br>Сыбырласып тұрғандай ...<br>(қоршаған әлем)</td><td>Тақпақты мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Міндеттері: Балаларға шығармашы суретке қарап немесе көрнекіліксіз тыңдауды үйрету; таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.<br>Қ. Ыдырысов «Күзім»<br>Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырың сіркіреп<br>Келгенің қызық-ау.<br>«Қып-қызыл алмалар» жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиеті)<br>Шеңбер бойымен жүріп орындайды.<br>Қып-қызыл алмалар,<br>Ағашта пісіп тұр. (Қол ұстасып, шеңбер бойымен жүреді)<br>Қыздар да, ұлдар да,<br>Алманы көріп тұр. (Тоқтайды)<br>Кім оған жетеді? (Шеңбердің ортасына жиналып, жоғарыға</td><td>Пішін салғыш ойыншықпен ойын. (сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Міндеттері:<br>Балаларға пішіндерді өзіне сәйкес келетін ұяшыққа дұрыс салуды үйрету; олардың пішіні түсі, көлемі туралы айтқызу; ойлау, зейін, сөйлеу, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Ортаға пішінсалғыш ойыншығын қояды. Оның ұяшықтарының пішіндері туралы айтады. Ойыншықтың ішінде жатқан әртүрлі пішіндерді шығарады.<br>Балаларға осы пішіндерді түсі мен көлемі өзіне сәйкес келетін ұяшыққа салу керектігін түсіндіреді.<br>Пішіндерді жинайық,<br>Ұяшыққа салайық!<br>Балалар ойынды ойнай бастайды. Балаларға пішіндердің түсі, көлемі туралы сұрақтар қойып отырады.</td><td>Тақпақты мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Міндеттері: Балаларға шығармаңы суретті қарап немесе көрнекіліксіз көркем тыңдауды үйрету; таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев «Қияр» (орыс халқының тақпағы)<br>Қияр, қияр, шет-тысқа<br>Бара көрме, желігіп:<br>Жеп қояды бір тышқан<br>Құйрығыңды кеміріп.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | осылай қағып кетеді (тез қарқынмен айтылады).<br>Балаларға айтылу жылдамдығын ажыратуды үйрету және осы дыбыстық тіркесті берілген қарқынмен айтуды үйренген соң, оларды жаңбырдың қандай болатынын құлақпен есту арқылы анықтауды ұсынады және «тырс-тырс» дыбысын әртүрлі қарқынмен айтқызады. 3-4 рет қайталауға болады. | | Кім үзіп алар? (қолдарын көтеріп, шапалақ ұрады)<br>Сол бала алманың, (Қайтадан орындарына келіп,<br>Тәтті дәмін татар! (жоғарыда шапалақ ұрады)<br>Бір, екі, үш, (Үш рет шапалақтайды)<br>Алма қолға түс! | Балаларды мақтайды, қолдау көрсетеді. | |
| **Кестеге сәйкес VIӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>«Тізені жоғары көтеріп жүрейік» ойыны.<br>**Мінтеттері:** Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, ирелеңген лентаның бойымен жүру. Жалпы дамытушы жаттығуларды соңынан қайталап, ойындарды ойнату, балалардың денсаулығын нығайту. Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру. Балалардың қимылды ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ету.<br>«Орманға серуен» қимылды ойыны. | **Музыка**<br>«Ару күз».<br>**Міндеттері:** Музыкаға деген қызығушылықты ояту. Балалардың музыкалық шығарманы қабылдау қабілетін дамыту; дыбысты тыңдау, ажырату дағдыларын үйрету. Жаңбыр туралы әнді тыңдауға балалардың қызығушылығын арттыру; әнді тыңдап, оның сыр-сипатын ажыратуды үйрету. Дауыс ырғағына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Музыка әуенімен ырғақты қимылдарды қайталай білуге машықтандыру; әнді есте отырып, әуенге ілесіп айту дағдыларын жетілдіру; күз кереметтерімен таныстыру. | **Дене тәрбиесі**<br>«Еңбектеп жүреміз» ойыны.<br>**Міндеттері:**<br>Еңбектеу. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тізесімен тіреп) еңбектеу. Еңбектеуге дене икемділігін бейімдеу, балалардың тілдік қоры мен эмоциялық көңіл күйлерін дамыту. Жалпы дамытушы жаттығуларды педагогтің соңынан қайталап, ойындарды ойнату, балалардың денсаулығын нығайту. Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, өрмелеу (еңбектеу).<br>«Жемістерді еңбектеп жинаймыз» ойыны.<br>Мақсат Еңбектеу. Шектеулі жазықтың бойымен төрттағандап (алақанымен, тізесімен тіреп) еңбектеу. | **Дене тәрбиесі**<br>«Құмырсқалар секілді еңбектенеміз» ойыны.<br>**Міндеттері:**<br>Еңбектеу. Шектеулі жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тізесімен тіреп) еңбектеу.<br>Еңбектеуге дене икемділігін бейімдеу, балалардың тілдік қоры мен эмоциялық көңіл күйлерін дамыту, балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу. Жалпы дамытушы жаттығуды соңынан қайталап, ойындарды ойнату, балалардың денсаулығын нығайту. Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, өрмелеу (еңбектеу).<br>«Кірпілер» ойыны.<br>**Мақсат:** Арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап (алақанымен, тізесімен тіреп) еңбектеу. **(дене тәрбиесі)** | |
| | **Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар**<br>«Жапырақтар».<br>**Мақсат:** Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын | **Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.**<br>«Шалқан» ертегісі.<br>**Мақсат:** Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларға | **«Жармадан қамыр илейік» дамытушы жаттығуы. (сенсорика)**<br>**Мақсат:** Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Балаларға | **Құрастырудан ойын-жаттығулар.**<br>«Күздік алмаларға қоршаш».<br>**Мақсат:** Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Балалардың жапырақтар туралы түсініктерін кеңейте отырып, жаңа материалды қабылдау қабілетін, сөйлеу тілін, түйсігін дамыту.<br>«Жапырақ жинайық» ойын рефлексиясы.<br>**Міндеттер:** Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Жапырақтарды себетке жинауды үйрету. Қимылептілігін дамыту. | ертегілерді тыңдауды үйрету. Балаларды «Шалқан» ертегісі желісімен таныстыра отырып, мазмұнына зейін қойып, мұқият тыңдауды үйрету; кейіпкерлердің сөздерін айтуға жаттықтыру; шалқан туралы жалпы мағлұматтар беру. Балалардың сөйлеу тілін, зейінін, қабылдау қабілеті мен есте сақтауын дамыту.<br>«Не жасырдым?» жаттығуы.<br>**Міндеттері:** Ертегі кейіпкерлерін көлеңкесінен тануды үйрету. Зейін, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>жаттығуы **(дене тәрбиесі)**<br>Шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып жүруді жаттықтыру.<br>Біз баққа барамыз.<br>Ол жерден не аламыз? (Бір орында марш басу)<br>Жинайық біз кезекпен (Қолды кезегімен көтеріп, түсіру)<br>Алмаларды себетке.<br>Бір, екі және үш!<br>Бойымызда алып күш! (Қол білегін көрсету)<br>Жинап болсақ көп алма, (Қол шапалақтау)<br>Апарайық қоймаға. (Отыру) | жарма туралы алғашқы түсініктер беру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Құралдар: шұңғыл пластик ыдыстарға салынған жармалар, сүлгілер, төсеніштер.<br>– Балалар, қазір бір қолымызды мына ыдысқа салып, әжеміз сияқты қамыр илеп көреміз.<br>Балаларға қолдарын жармаға салып, баяу қимылдар арқылы жарманы саусақтармен араластыру қимылдарын жасау үлгісін көрсетеді. Балалардың жарманы алдарына төкпеуін қадағалау керек. | кірпіштер), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Балаларға кірпіштен қорапша құрастыруды үйрету; кірпішті көлденең және қатар қоя білу қабілеттеріне дағдыландыру; педагогтің үлгісіне сай жемістерге қорапша жасауға жаттықтыру. Балаларды кірпіштің қасиеттері мен ерекшеліктерін қабылдау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, байқампаздығы мен зейінін, түйсіну қабілетін дамыту. | |
| **2-ші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. «Тәбетіміз ашылды, ас болсын!» (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Ересектің бақылауымен белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қауіпсіздік. Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту. | | | | |
| **Серуен** | **Картотека№** 2 | **Картотека№** 13 | **Картотека№** 14 | **Картотека№** 19 | **Картотека№** 18 |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Сабынды дұрыс қолдануды, қолды жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Қане, қаздар, қаздар,<br>Суға сүңгіп, шомылыңдар!<br>Шомылып-шомылып, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жұмсақ шепке қоныңдар! (Д. Ахметова)<br>«Үнемді тұтыну», «Біз ақылды баламыз», «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну», табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. | | | | |
| **Түскі ас** | Гигиеналық дағдылар<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.<br>Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, аузындағы тамақты дұрыс шайнап жеу.<br>Қасығымыз қайда?<br>Табақшамыз қайда?<br>Өзіме жақын тартайық,<br>Тамақты тауысып алайық.<br>Д. Ахметова<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты түрде бүктеп қоюға ынталандыру. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімнің түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы, баяу ырғақты музыка тыңдау. **(музыка)** | Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді.<br>«Үш аю» ертегісін оқып беру.<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)** | Киімдерін орындыққа ұқыпты іліп қоюды үйренеді.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы, баяу ырғақты музыка тыңдайды. **(музыка)**<br>С. Әлімқұлов «Әлди, әлди!»<br>Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе ғой.<br>Жыламашы, көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін бесікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаю әдетін қалыптастырады.<br>«Жеті лақ» ертегісін оқып беру.<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)** | Киімнің түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды біледі.<br>«Бауырсақ» ертегісін оқып беру. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | Ұйқыдан тұрғаннан кейін төсекте жатып жаттығу жасау; төсектерінен тұрмай жатып, көрпелерін ашпай жатқан күйінде балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды (төсекте жатып 2-3 минут жасалатын жаттығулар балалардың ұйқысы ашылып, сергек болуына бағытталған). Жаттығуды ұйқыдан оянған балалармен өткізген дұрыс, қалғандары оянған кезде қосылады).<br>Жалпақтабанның алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>(дене тәрбиесі) | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-** | «Жеміс пен көкөністерге қорапша» іс-тәжірибе жаттығуы.<br>**Мақсат:** Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.<br>Кірпіштерден қорапшалар | «Пішіндерден алқа жасаймыз» дамытушы ойыны.<br>**(құрастыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсат:** Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды жетілдіру. Балаларды көрсетілген үлгіге қарап, | «Жапырақты құрастыр» үстел үсті жаттығуы. **(құрастыру)**<br>**«Құстар біздің досымыз» ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға құстар туралы білім беру, білімдерін жетілдіре түсу. Суреттер бойынша еске сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. | «Көкөністер» мультфильмін көру.<br>**Мақсат:** Балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастарының қасында жүріп, көкөністерді ажыратып, жаттығуларды жасап, ортақ жағымды көңіл күйге бөленуіне мүмкіндік жасау.<br>«Ғажайып дорба» ойыны. (**тіл дамыту және көркем әдебиет,** | **Сурет салудан ойын-жаттығу.**<br>«Алма».<br>**Міндеттері:** Балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, ұшындағы түгін бояуға малып, қағаз бетінің ортасына ұшымен бір нүктеден бастап, шеңбер бойымен сызық жүргізіп, бастаған нүктеге жеткізіп, дөңгелек пішінді үлкен алманы салып шығуды үйрету; қылқаламмен салынып жатқан «сызықты» бақылап отыруға машықтау; сурет аяқталған соң қылқаламды тіреуішке тіреп қоюға жаттықтыру; алманың қызыл болып пісетіні |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | құрастыруды үйрету.<br>«Сәлем!» мультфильмін көру.<br>**(құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру, сенсорика ,көркем әдебиет)**<br>**Міндеттері:** Балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастардың жанында жүріп, бәріне ортақ жағымды көңіл күйге бөленуіне мүмкіндік жасау. | геометриялық пішіндерден өздеріне сондай тізбекті құрастыруға ынталандыру; геометриялық пішіндер туралы ұғымдарды тиянақтау, есте сақтау қабілетін, көзбен қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өзі жасаған істің нәтижесіне қуануды үйрету.<br>«Көкөністер дүкені» ойыны.<br>**Міндеттері:** Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балаларда көкөністер, көкөніс сатушының қызметі жайында ұғымдарын қалыптастыру; коммуникативтік қабілеттерді дамыту.<br>Сатушы:<br>– Сәлеметсіңдер ме, балалар, бұнда не үшін келдіңдер?<br>Балалар:<br>– Көкөністер сатып алуға келдік.<br>Сатушы:<br>– Менің дүкенім сиқырлы жер. Себебі, көкөністерді дұрыс табылған жауаптарға ғана беремін. Жұмбақ шешуге дайынсыңдар ма?<br>Жұмбақтар.<br>Доптар жатыр желісі бар,<br>Қабат-қабат терісі бар.<br>(Орамжапырақ.)<br>Ашулы қонақ бұл анық,<br>Тоңып шешсе, жылайдық.<br>(Пияз.) **(тіл дамыту және көркем әдебиет, сенсорика, құрастыру, сурет салу)** | Ойын шарты.<br>Құстарды (суреттер бойынша) екі топқа топтастыру. Балалар сұрақтарға жауап береді, бір-бірінің жауаптарын толықтырады.<br>Педагог:<br>– Қыстап қалатын құстарға қалай көмектесеміз?<br>– Құстар не үшін ұя салады?<br>– Құстардың денесін не жауып тұрады?<br>Көрнекіліктер: торғай, қарға, сауысқан **(қоршаған әлем)** | **қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсат:** Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көкөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен байыту. | туралы ұғымдар қалыптастыру.<br>«Бауырсақтың суретін саламыз». **(сурет салу)**<br>**Мақсат:** Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау.<br>**«Әдемі гүл».**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Түстер туралы ұғымын бекіту, түстердің атын білуге машықтандыру.<br>Құрал-жабдықтар: күшік ойыншығы, түрлі түсті гүлдер, көбелектер.<br><br>Ойын шарты.<br>Топқа гүл тістеген күшік кіреді (ойыншық). Күшік аузына тістеп кірген гүлшоғын терең дем алып иіскейді де, демін сыртқа шығарған кезде гүлдер шашырап кетеді. Ол балаларға қарап: – Балалар, мына гүлдерім шашылып қалды ғой. Сендер маған көмектесесіңдер ме? – деп сұрайды.<br>– Ол үшін гүлдердің түстерін анықтайық. Әрқайсың жерден жинап алған гүлдің түсін атауларың керек. Енді осы түстерге сәйкес көбелектерді қондырайық.<br>Балалар гүлдердің түсін атайды, оларға түсі сәйкес келетін көбелектерді қондырады.<br>**(қоршаған әлем)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Тақпақты мәнерлеп оқу.<br>М. Әлімбаев «Ұшты талдан жапырақ».<br>Ұшты талдан жапырақ | Қияр нақпішіндерімен ойнату.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев «Қияр» (орыс халқының тақпағы). | Қ. Мырза Әли «Күз».<br>Шашақтанып жиегі<br>Бұлт қабағын түйеді.<br>Жоқ шалшықсыз, | Д. Ахметова «Жаңбыр».<br>Жаңбыр жауса қалаға,<br>Алыс жатқан ауылға,<br>Су толады шалшыққа. | Д. Ахметова «Жолақша».<br>Алдымызда ұзынша,<br>Жайылып тұр жолақша.<br>Топ-топ басайық, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сары көбелек секілді.<br>Аспанда жай шатырлап,<br>Тамшы жерде секірді.<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>Қозайым | Қияр, қияр, шет-тыска<br>Бара көрме, желігіп:<br>Жеп қоянды бір тышқан<br>Құйрығыңды кеміріп.<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)**<br>Нурбек Айша | Балшықсыз<br>Жердің сынық сүйемі.<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>Ақжүрек | Кім шылдайды суыққа?<br>Там-там-там,<br>Там-там-там,<br>Соққылайды шатырға.<br>Там-там-там,<br>Там-там-там.<br>Кім шылдайды суыққа?<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)** Аружан | Бірге жылдам барайық.<br>Секіреміз оп-оп!<br>Біз жүреміз топ боп.<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>Исаман |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тіс тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Қауіпсіздік. Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту. | | | | |
| **Серуен** | **Картотека№** 3 | **Картотека№** 6 | **Картотека№** 9 | **Картотека№** 12 | **Картотека№** 15 |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Сабынды дұрыс қолдануды, қолды жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді үйрету. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тіс тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>Қане, қаздар, қаздар,<br>Суға сүңгіп, шомылыңдар!<br>Шомылып-шомылып,<br>Жұмсақ шөпке қоныңдар! (Д. Ахметова)<br>«Үнемді тұтыну», «Біз ақылды баламыз», «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну», табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Баланың балабақшада өткен тақырыптары жайында ата-ананың хабардар болуының маңызы» | «Баланың балабақшада өткен тақырыптары жайында ата-ананың хабардар болуының маңызы» | «Балаға күз туралы қарапайым тақпақтарды жаттату және жаттығулар жасату» | «2 жастағы баланың тілін қалай дамытуға болады?» https://bilimkids.kz/correction_work/6218 | «Баланың қандай жеміске не көкөніске аллергиясы бар?» |

Тәрбиешілер : Исмагулова Д.Г Фатхоллина А.Ж

**Тексерілген күні:** 10.10.2025
**Әдіскер:** А.Ж. Жумагалиева

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**
**Қазан айы (Апта)**

Мектепке дейінгі ұйым:«Балбөбек» жеке бөбекжайы
Топ: аралас «Құлыншақ» (ерте жас- кіші)
Балалардың жасы:1- 2 жастағы балалар.
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 13.10 – 17.10.2025ж.
**Қазан- Тәуелсіздік және отаншылдық айы**

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | **13.10.2025** | **14.10.2025** | **15.10.2025** | **16.10.2025** | **17.10.2025** |
| **Апта дәйек сөзері:"Отан сүю-отбасынан басталады"** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбындағы әуенді қосып қарсы алу.<br>Сәлемдесу<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | «Тамақтану рәсімін үйретудің маңызы» | «Тамақтану рәсімін үйретудің маңызы» | «Нанның құрамындағы пайдалы элементтер» | «Нанның құрамындағы пайдалы элементтер» | «Баланы мезгілге сай киіндіру және шынықтыру шаралары» |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті суқұйғышпен суаруды көрсету.<br>«Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимнін орындау.<br>**(музыка)**<br>**Мақсаты:** балалардың патриоттық тәрбиесін қалыптастырады.<br>«Алтын астық» қимылды жаттығуы.<br>**(дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсаты: балаларға бидай алқабының суретін көрсету арқылы бидай туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыра бастау; жаттығуларды орындағанда жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту. | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: «Топтың ішін ретке келтір».<br>Мақсаты: балаларды ересектерге көмектесуге ынталандыру; шкафтағы ойыншықтар мен құралдардың шашылып жатқанын байқап, тазалық орнатуға тарту; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру.<br>Бауырсақ ойыншығымен ойнату.<br>**(сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсаты: балаларды ойыншыққа қарап, көркемсөз үлгілерін айтуға ынталандыру, қимылдарының соңынан еліктеуді үйрету.<br>Д. Ахметова «Бауырсақ».<br>Бауыр-бауыр-бауырсақ,<br>Сенің бетің домалақ, | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: бөбекжайдағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу.<br>Тақпақты мәнерлеп оқу жаттығуы.<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>Мақсаты: балаларды өлеңді толық қайталауға ынталандыру.<br>"Шелпек".<br>Елге келсең, ер ұлан,<br>Қарама сен немкетті.<br>Шыққан ана қолынан<br>Сүйсініп же шелпекті.<br>"Бауырсақ".<br>Жеп көрмесең болмайды,<br>Үйдің дәмін сағынсақ.<br>Қақтырады тыңдайды<br>Майға піскен бауырсақ. | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде оқу құралдарын тарату және орындарына жинауға ынталандыру.<br>Тышқан ойыншығымен ойнату.<br>**(сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсат:** балаларға көркемсөзді тыңдап, тышқанның қылықтарын байқауды үйрету, педагогтің қимылдарының соңынан еліктеуді үйрету, мазмұнындағы оқиғаларға эмоционалды жауап беруге тәрбиелеу.<br>Ойыншық болмаса оның суретін көрсетуге болады.<br>Д. Ахметова «Тышқан».<br>Тықыр-тықыр тықырлап, | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: балаларды тамақ ішерде аяқ-табақтарды қоюға, ас ішіп болған соң жинастыруға ынталандыру.<br>«Торт шеңберін безендірейік» үстел үсті ойыны. (сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>**Мақсаты:** заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшықеттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Балаларға дөңгелек пішінді әртүрлі геометриялық |

1

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қ. Мүсірепов «Алтын астық» тақпағын мәнерлеп оқу.<br>Ел егінді жинайды,<br>Қырманға дән сыймайды.<br>Біздің дала – бай дала,<br>Алтын астық айнала.<br>Қуыршақ ойыншығымен ойнату.<br>**(сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** қуыршақ ойыншығын әлдилету арқылы балаға алғашқы әлеуметтік қатынастар үлгісін көрсету, эмоционалдық жауап қайтаруға ынталандыру.<br>С. Әлімқұлов «Әлди, әлди!»<br>Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе ғой.<br>Жыламашы, көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін бесікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке | Сенің дәмің тәп-тәтті.<br>Абайлашы, сақ болшы!<br>«Жіпті тарқат және қайта ора» ойыны. (сенсорика, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсаты: заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшықеттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.<br>Қажетті құрал-жабдықтар мен материалдар: түрлі түсті шағын жіптер.<br>Барысы. Балаларға жіпті тарқатып, кейін қайтадан орауды (немесе оны шөлнекке (шпулька) орауды ұсыну.<br>Орау үлгісін көрсету, қадағалау, көмек беру. | Мүсіндеуден жаттығуы. **(мүсіндеу, қоршаған іleммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:**кесектерді үзіп-жұлу, есу техникаларын бекіту; белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді жасауға ынталандыру. | Кеміріп, бидай ұрлап,<br>Тышқан жүр, еден тесіп.<br>Көрейік оны барлап.<br>«Нан илейік» жаттығуы (Д. Ахметова) (тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)<br>**Мақсаты:** қимылдарды үйлесімді орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге үйрету; өлеңді толық қайталайды<br>Жеңімізді кел түрейік (ашық алақандарды бір-біріне үйкеу),<br>Нан илейік, нан илейік (алақандар төмен, қолдарды алға созу, кеудеге жинау).<br>Домалатып, орайміз (қолдарды кеуде алдында шынтақ бүгіп, өзара айналдыру),<br>Ыстық пешке саламыз (қолдар белде, сап түзеу).<br>Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау),<br>Аппақ ұнды қағамыз (еңкейіп, алақанды тізеге қағу). | пішіндермен безендіруге ынталандыру; жасалған затты «торт» бейнесі ретінде қабылдауды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ой-қиялын дамыту.<br>Торт десе - ол тәтті нан,<br>Түрлі гүлге боялған:<br>Дөңгелек, үшбұрыш, шаршы -<br>Торттың үстіне қарайықшы.<br>Тақпақты мәнерлеп оқу жаттығуы. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:**балаларды өлеңді толық қайталауға ынталандыру.<br>"Шелпек".<br>Елге келсең, ер ұлан,<br>Қарама сен немкетті.<br>Шыққан ана қолынан<br>Сүйсініп же шелпекті.<br>"Бауырсақ".<br>Жеп көрмесең болмайды,<br>Үйдің дәмін сағынсақ.<br>Қақтырады таңдайды<br>Майға піскен бауырсақ. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)<br>1.1.Балаларға қолды бастан жоғары көтеріп, қоянның құлағын жасату, қолдарын жоғары көтеріп шапалақтату, бір мезгілде аяқтың ұшына көтерілу (3 рет қайталау).<br>2.Бастапқы қалып: қолды төске қойып, қоянның кейпіне ену.<br>2.1.Оң иықты көтеру.<br>2.2.Бастапқы қалыпқа келу.<br>2.3.Сол иықты көтеру.<br>2.4.Бастапқы қалыпқа оралу (3 рет қайталау).<br>3.Бастапқы қалыпқа келу. Қолды кеуде тұсына қойып, қоян сияқты тұру.<br>3.1. 3 рет секіру.<br>3.2.Бастапқы қалыпқа оралу.<br>3.3. 3 рет секіру.<br>3.4. Бастапқы қалыпқа оралу (2 рет қайталау). (дене тәрбиесі) | | | | |
| **Таңғы ас** | Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Дастарқанның әдемісін-ай,<br>Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай!<br>Тамақты тауысқан балақай<br>Ең күшті болады. Пай, пай … (Д. Ахметова) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге** | «Менің Қазақстаным» – Қазақстан Республикасының Гимнін орындау.<br>«Күй күмбірі». Сүгірдің күйі «Шалқыма» (орындаған Жанғали Жұзбай) https://kitap.kz/music/2/zhangali-zhuzbaydyng-shertken-kuyleri<br>Өнегелі. Саламатты өмір салты. Тақырыбы: «Денсаулық деген не?» Мақсаты: көңіл күйді көтеру, қимылды ойындарды ойнауды, би билеуді насихаттау. Қауіпсіз жайлы дамытушы | | | | |

| ...дайындық | білім беру ортаны қалыптастыру | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін дыбысы бәсеңдеу әуенжазба қосу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, көркемсөзді қайталау)<br>Жел еседі алқапта,<br>Бидай толды масақта.<br>Масақты жинап, терейік,<br>Ұннан нан пісірейік.<br>Нан ыстық, аппақ,<br>Ұстауға жұмсақ.<br>Д. Ахметова | Балалардың жағымды көңіл күйін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін баяу ырғақты әуенжазба қосу.<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>«Қазан»<br>Өскен егін орылып,<br>Жеміс-жидек піседі.<br>Қазанда пеш жағылып, | «Нан илейік» жаттығуы (Д. Ахметова) **(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)**<br>**Мақсаты:** қимылдарды үйлесімді орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге үйрету; 7 көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.<br>Женімізді кел түрейік (ашық алақандарды бір-біріне үйкеу),<br>Нан илейік, нан илейік (алақандар төмен, қолдарды алға созу, кеудеге жинау).<br>Домалатып, орайық (қолдарды кеуде алдында шынтақ бүгіп, өзара айналдыру),<br>Ыстық пешке саламыз (қолдар белде, сап түзеу).<br>Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау),<br>Аппақ ұнды қағамыз (еңкейіп, алақанды тізеге қағу). | Саусақ гимнастикасы.<br>«Бауырсақ». **(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.<br>Бауырсақ, бауырсақ.<br>Қайда кеттің домалап? (сол қолымыздың алақаны үстелдің үстінде ашық тұрады, оң қолымыз сол қолдың үстінде дөңгелек пішінін айналдырамыз).<br>Бауырсақ, бауырсақ.<br>Қайда кеттің домалап? (енді оң жақ қолымыздың алақаны үстелде ашық тұрады, сол жақ қолмен дөңгелек пішінін айналдырамыз). | **Тақпақты мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** балаларды өлеңді толық қайталауға ынталандыру.<br>"Шелпек".<br>Елге келсең, ер ұлан,<br>Қарама сен немкетті.<br>Шыққан ана қолынан<br>Сүйсініп же шелпекті.<br>"Бауырсақ".<br>Жеп көрмесең болмайды,<br>Үйдің дәмін сағынсақ.<br>Қақтырады таңдайды<br>Майға піскен бауырсақ. |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Ерте жас**<br>**Дене тәрбиесі**<br>«Біз тең-тегіс жолмен жүреміз»<br>Міндеттері: балаларды түзу жолмен жүруге (ені 25-30 см, ұзындығы 2-3 м), таяқтан аттап өтуді, шектеулі беткеймен жүруді және еңбектеуді, доптарды домалатуды, әртүрлі көлемдегі доптар мен шарларды жинап, оларды себетке өздігінен салуды (қорап), бөренеден аттауды үйрету. Балалардың өмірін қорғау және денсаулықты нығайту. Қимыл-қозғалыстарға деген биологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру. Жүру, еңбектеуді, тепе-теңдікті жетілдіруге мүмкіндік беретін негізгі қимыл түрлерін дамыту. Дене тәрбиесі әрекетін орындауға қызығушылықты дамыту. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>Ойын «Себетке алма жинайық». | **Ерте жас**<br>**Музыка**<br>«Бізге ән салып берші, Қораз»<br>Міндеттері: музыкаға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылықты қалыптастыру. Көңілді және баяу музыкамен таныстыру. Музыкалық шығармаларында контрастты музыканы ажырата білу және қимыл өзгертуге үйрету. Музыкамен жүруге, қарапайым би қимылдарын көрсетуге үйрету, музыка әуеніне сәйкес қимылдау (баяу, жылдам). Ойын дағдыларын қалыптастыру.<br>Ойын «Тығылмақ».<br>Мақсаты:<br>балалар әуен ырғағына қарай қоңырауларда ойнайды, музыка тоқтаған кезде қоңырауларын артқа тығады. Әтеш іздейді. Музыканы еркін түрде таңдауға болады. | **Ерте жас**<br>**Дене тәрбиесі**<br>«Нан болса – ән де болады»<br>Міндеттері: балалардың тепе-теңдікті сақтай отырып, шектеулі жерде жүру қабілетін жақсарту; тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру; жаттығу кезінде физикалық белсенділікті арттыру; жалпы дамыту жаттығулары арқылы балалардың тыныс алу мүшелерінің жұмысына тиімді әсер ету. Балалардың өмірін қорғау және денсаулықты нығайту. Қимыл-қозғалыстарға деген биологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру. Негізгі қимыл түрлерін дамыту. Дене тәрбиесі әрекетін орындауға қызығушылықты дамыту. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>Ойын «Жинау». | **Ерте жас**<br>**Дене тәрбиесі**<br>«Тышқанға дән жинаймыз»<br>Міндеттері: балаларды өздеріне жұп табу және жұпта қарапайым қимылдар жасау, белгілі бір бағытта қозғалу, допты домалатуға машықтандыру, айтылғанды мұқият тыңдау және қимылдар басталғанша белгіні күтуді үйрету. Балалардың өмірін қорғау және денсаулықты нығайту. Қимыл-қозғалыстарға деген биологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру. Негізгі қимыл түрлерін дамыту. Дене тәрбиесі әрекетін орындауға қызығушылықты дамыту. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>Қимылды ойын «Тышқанға арналған дәндер». | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Кіші топ**<br>**Дене тәрбиесі**<br>«Еңбектейік, еріңбейік».<br>**Міндеттері:** еңбектеу жаттығуларын жасауға балалардың қызығушылықтарын арттыру; қатар қойылған заттардың арасымен еңбектеу қабілетін дамыту; балаларды ептілікке тәрбиелеу. Жалпы дамытушы жаттығуларды соңынан қайталап, ойындарды ойнату, балалардың денсаулығын нығайту.<br>Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: еңбектеу. Балалардың қимылды ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ету.<br>«Еңбектеп жеміс жинайық» ойыны.<br>Мақсаты: еңбектеу шектеулі жазықтың бойымен төрттағандап (алақанымен, тізомен тіреп) еңбектеу. | **Кіші топ**<br>**Музыка**<br>"Көңілді тоқаштар".<br>**Міндеттері:** музыка тыңдауға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу. Музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. Әннің мағынасын түсіну. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету. Музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды педагогпе іспес қайталай білуге машықтандыру; нанның қасиетімен таныстыру.<br><br>"Ол не?" ойыны.<br>**Мақсаты:** тоқаштың пішініне ұқсайтын заттарды табуды үйрету. | **Кіші топ**<br>**Дене тәрбиесі**<br>«Нан қадірі».<br>**Міндеттері:** балаларды заттардан аттап жүру жаттығуларын жасау кезінде бір-біріне кедергі жасамай, епті, ұқыпты болуға тәрбиелеу. Жалпы дамытушы жаттығуларды қайталап, ойындарды ойнату, балалардың денсаулығын нығайту.<br>Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, тепе-теңдік сақтауға машықтандыру. Балалардың қимылды ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ету. | **Кіші топ**<br>**Дене тәрбиесі**<br>«Нан болса, ән де болады».<br>**Міндеттері:** балалардың заттардан аттап жүру дағдыларын жетілдіру; жаттығуды жасау кезінде қимыл белсенділігін арттыру; ағзаның дұрыс дамып, жетілуі үшін күнделікті ішіп жүрген тамақтың маңызы туралы ұғымдарын кеңейту; заттарды құлатпай аттап жүру дағдыларын дамыту; ептілікке тәрбиелеу; тыныс алу ағзаларын жетілдіру. Жалпы дамытушы жаттығуларды педагогтің соңынан қайталап, ойындарды ойнату, балалардың денсаулығын нығайту.<br>Қимылдарды үйлесімді орындауға үйрету.<br>«Кедергіден аттап жүреміз» ойыны.<br>Мақсаты: заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр): құрсаудан құрсауға аттап өту; тақтайдың үстімен 20 см арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (лентілардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу. **(дене тәрбиесі)** | |
| | **Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар**<br>«Наубайшы». | **Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.**<br>«Нанның қасиеті». | **Сенсорикадан ойын-жаттығулар.**<br>«Жемістер мен көкөністер салмасы қосылған дәмді тоқаштар». | **Жапсырудан ойын-жаттығулар.**<br>«Піскен бауырсақтар». | **Музыкалық ойын-жаттығулар**<br>«Күз сыйлаған топ-топ».<br>**Мақсаты:** |

24

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:** балаларды наубайшының еңбегі туралы білімдерін кеңейту; піскен нанның дайындалу кезеңдерін бақылату арқылы қабылдау қабілетін, сөйлеу тілін, түйсігін дамыту.<br>«Нанның дәмін көрейік» рефлексиясы.<br>Мақсаты: нанның дәмін сезінуге, наубайшының еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. | **Мақсаты:** балаларға нанның қасиеті мен маңызы туралы түсінік беру; нанның қандай еңбекпен келетіні туралы қысқаша мағлұмат беру. Нан өнімдерінің атаулары арқылы балалардың ой-өрісін кеңейту; есте сақтау қабілеті мен сөйлеу тілін дамыту.<br>«Ойыншықтарға нан берейік» жаттығуы.<br>**Мақсаты:**<br>басқаларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. | **Мақсаты:**балаларды әртүрлі заттар мен геометриялық пішіндердің ортақ сенсорлық сипаттарын біріктіруді және ажыратуды үйрету; олардың айырмашылығы мен ұқсастығы жақын пішіндерді (дөңгелек пен сопақшаны) салыстыра білу қабілеттерін қалыптастыру; геометриялық пішіннің қасиеттерін жеміс және көкөніс пішініндерінен байқап, дұрыс табуға дағдыландыру; нанның қасиеті мен жеміс-көкөністердің дәрумендік маңызы туралы түсінік беру. | **Мақсаты:** балаларды көлемі бірыңғай, домалақ пішінді бейнелерді (бауырсақтарды) қатарымен, бір сызықтың бойына, пішінге желімді жағып жапсыруды, сүлгіні қолдануды үйрету; балаларға жапсыру амалдарын үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауын, байқампаздығы мен зейінін дамыту; балалардың күз мезгілінің өзгерістері мен нәтижелі іс-әрекетке қызығушылықтарын ояту; нанды құрметтеуге, аяққа баспауға тәрбиелеу.<br>«Дәмін көрейік» рефлексиясы. | музыкаға деген қызығушылықты ояту. Балаларға тұлпар туралы әнді тыңдатып, оның сыр-сипаты туралы түсінік беру. Қарапайым би қимылдарын орындау.<br>Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету.<br>Кейіпкерлер арқылы музыкалық шығарманың мағынасын түсіну қабілетін қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенге сай үйлесімді жасай білуге жаттықтыру.<br><br>«Менің балапандарым қайда?» дидактикалық ойыны.<br>**Мақсаты:** әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау. |
| **2-ші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. «Тәбетіміз ашылды, ас болсын!» (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Ересектің бақылауымен белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қауіпсіздік. Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту. | | | | |
| **Серуен** | Картотека № 5 | Картотека № 7 | Картотека № 17 | Картотека № 19 | Картотека № 20 |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Түскі ас** | Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Дастарқанның әдемісін-ай,<br>Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай!<br>Тамақты тауысқан балақай<br>Ең күшті болады. Пай, пай … (Д. Ахметова)<br>Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға ынталандыру. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау, тыныштандыратын әуен қосу. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | Киімдерін орындыққа ұқыпты іліп қоюды үйрету.<br>Балаларға «Алтын жұмыртқа» ертегісін оқып беру. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)** | Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жанға жайлы, баяу ырғақты музыка тыңдау. **(музыка)** | Киімдерін орындыққа ұқыпты іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.<br>Балаларға «Жалқау мысық» ертегісін оқып беру.<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)** | Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жанға жайлы, баяу ырғақты музыка тыңдау. **(музыка)** |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту,** | Ауа ванналары.<br>Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев «Мөлдір су» (орыс тілінен аударма). | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **сауықтыру шаралары** | Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей ерніннен,<br>Тісім тастан таймасын! (дене тәрбиесі) | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | . зейінді дамыту.<br>«Ұқсас пішіндерден жұп құра» дидактикалық ойыны. **(тіл дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)**<br>Мақсаты: балалардың сөздік қорын заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту.<br>Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Балаларға пішіндерді ажыратуды үйрету; түрлі түсті пішіндердің жұптарын жинауға жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту.<br>Құралдар: түрлі түсті геометриялық пішіндер. | «Жапырақ жинайық» дидактикалық ойыны. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын заттардың түсін, көлемін, пішінін білдіретін сын есімдермен байыту. Балаларға жапырақтарды түстеріне қарап ажыратуға жаттықтыру; қызыл, сары және тоқсары жапырақтарды үшке бөліп, екі себетке салуды үйрету.<br>Құралдар: сары, қызыл жән тоқсары жапырақтар, түсі үш түрлі шелек (немесе көлемі үш түрлі шелек).<br>«Дана қуыршақты тамақтандыру» сюжетті-рөлдік ойыны. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** қарапайым сұрақтарға және неғұрлым күрделі сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету; белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу. Балалардың ұғымындағы ыдыс-аяқ туралы білімдерін бекіту, сөйлеуін белсендіру, тамақтану әдебіне тәрбиелеу.<br>Құрал-жабдықтар: Дана қуыршақ, ойын бұрышындағы ыдыс-аяқ жиынтығы.<br>Ойын бұрышында ойнатылады. Тәрбиеші түскі ас кезінде қандай ыдыс-аяқ қолданылатынын | «Жіпті тарқат және қайта ора» ойыны. (сенсорика, қоршаған әлеммен таныстыру) **Мақсаты:** Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшықеттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.<br>Қажетті құрал-жабдықтар мен материалдар: түрлі түсті шағын жіптер.<br>Барысы. Балаларға жіпті тарқатып, кейін қайтадан ораудды (немесе оны шөлмекке (шпулька) ораудың) ұсыну.<br>Ораудың үлгісін көрсету, қадағалау, көмек беру.<br>«Бауырсақ» ертегісін мәнерлеп оқып беру.<br>Мақсаты:оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.<br>Құралдар: ертегіні үстел (немесе саусақ) театры арқылы қойылымға қажет кейіпкерлердің кескіндері (саусақ ойыншықтары), тірсуішелері, шымылдық (ширма). **(жапсыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)** | «Көлікті жүргіземіз» (Д.Ахметова)<br>Жүргіземіз көлікті – «У-у-у!»<br>Тұрамыз қатар-қатарға түзу.<br>Рөлді қатты ұстаймыз,<br>Газдыептеп басамыз.<br><br>«Ту-ту-у», кеттік,<br>«Ту-ту-у!..»<br><br>«Біз шалқандай өстік» жаттығуы. **(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)**<br>**Мақсаты:** қимылдарды үйлесімді орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге үйрету; Балаларға толық қайталауға ынталандыру.<br>Балалар жерге отырады.<br>Біз шалқандай өстік,<br>(Орындарынан тұру)<br>Күнге қолды создық. (Жоғары созылу)<br>Желге қолды бұлғадық,<br>(Қолдарды бұлғау)<br>Қайта жерге отырдық. (Қайта отыру).<br>"Ғажайып дорба" зерттеу ойыны. **(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:**заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден (қарап, ұстап-сипап) тануды қолдау; ойыншық, заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың түсін, көлемін, пішінін білдіретін сын есімдермен байыту. | «Нан илейік» жаттығуы (Д. Ахметова) **(тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі)**<br>Мақсаты:қимылдарды үйлесімді орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге үйрету; педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.<br>Жеңімізді кел түрейік (ашық алақандарды бір-біріне үйкеу),<br>Нан илейік, нан илейік (алақандар төмен, қолдарды алға созу, кеудеге жинау).<br>Домалатып, ораймыз (қолдарды кеуде алдында шынтақ бүгіп, өзара айналдыру),<br>Ыстық пешке саламыз (қолдар белде, сап түзеу).<br>Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау),<br>Аппақ ұнды қағамыз (еңкейіп, алақанды тізеге қағу).<br>«Бауырсақ кімнен қашты» дамытушы ойыны.<br>Мақсаты:кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?» Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Балалардың «Бауырсақ» ертегісінің желісі бойынша білімдерін пысықтау; әлеуметтік қатынастарға қызығушылық ояту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | көрсетеді және айтады (сорпаға арналған терең табақтар, екіншісіне таяз, қасық, шанышқы, кесе. Ыдыстар үстелге қалай қойылатынын, тамақтану әдебін, ас құралдарын қалай пайдалану керектігін көрсетеді. Балаларға қуыршаққа түскі ас беру ұсынылады. | | | Құралдар: «Бауырсақ» ертегісіндегі кейіпкерлердің жеке суреттері.<br>– Балалар, мен «Бауырсақ» ертегісінің кейіпкерлерін көрсетіп отырайын, ал сендер бауырсақтың неден қашқанын айтып отырыңдар.<br>«Бауырсақ» ертегісінің кейіпкерлерін қатарға қойып беру, атауы аталған сайын көрсетіп отыру.<br>Балалар жауап бере алмай жатса да, кейіпкерлерді кезекпен көрсетуді жалғастыру, балалар әрқайсын атайды. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Ермексаздан шар илеу амалын меңгерту. «Бауырсақ».<br>Хамза | Д. Ахметова «Кірпі».<br>Кірпі арқасы инеге толған,<br>Жүгіріп жүр айнала,<br>Көк майса шөпті аралап,<br>Пысылдап, иіскеп, қазып.<br><br>«Шегіртке сияқты секіреміз» қимылды жаттығуы. **(дене тәрбиесі)**<br>**Мақсаты:** еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруді үйрету. Ойын ережесі бойынша ойнау керектігін түсіндіру. Есту, ойлау, сөйлеу<br>Ақжүрек | Бауырсақ ойыншығымен ойнату.<br>Д. Ахметова «Бауырсақ».<br>Бауыр-бауыр-бауырсақ,<br>Сенің бетің домалақ,<br>Сенің дәмің тәп-тәтті.<br>Абайлашы, сақ болшы!<br><br>Парасат | Қ. Ыдырысов «Күзім».<br>Күзім-күзім, күзім-ау,<br>Мінезің бұзық-ау.<br>Жаңбырын сіркіреп<br>Келгенің қызық-ау.<br>Томирис Ғ | «Әй! Бауырсақ, Бауырсақ!» ойыны. Мақсаты: балаларды өлеңді толық қайталауға ынталандыру.<br>Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.<br>– Әй, Бауырсақ!<br>Әй, Бауырсақ!<br>Міне, алысқа жолақ.<br>Жалғыз болып, қалдың ба?<br>Тоқтамай жүр, алымда!<br>Бір-екі!<br>Бір-екі!<br>Боласың бізбен епті.<br>Сеңгіш болып, қалдың ба?<br>Тоқтамай жүр, алымда!<br>Қозайым А |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тіс тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Ересектің бақылауымен белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қауіпсіздік. Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту. | | | | |
| **Серуен** | Картотека № 6 | Картотека № 8 | Картотека № 18 | Картотека № 14 | Картотека № 15 |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Тамақтану рәсімін үйретудің маңызы» | «Тамақтану рәсімін үйретудің маңызы» | «Нанның құрамындағы пайдалы элементтер» | «Нанның құрамындағы пайдалы элементтер» | «Баланы мезгілге сай киіндіру және шынықтыру шаралары» |

**Тәрбиешілер : Исмагулова Д.Г Фатхоллина А.Ж**

Тексерілген күні: 20.10.2025
Әдіскер: [signature] А.Ж. Жумагалиева

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

**Қазан айы (4апта)**

Мектепке дейінгі ұйым :«Балбөбек» жеке бөбекжайы
Топ: аралас «Құлыншақ» (ерте – кіші жас)
Балалардың жасы: 1-2 жастағы балалар.
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 20.10 – 24.10.2025ж.
**Қазан- Тәуелсіздік және отаншылдық айы**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | 20.10.2025 | 21.10.2025 | 22.10.2025 | 23.10.2025 | 24.10.2025 |
| **Апта дәйек сөздері : « Отаным -алтын бесігім!»** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбындағы әуенді қосып қарсы алу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)<br>BilimKids дамытушы мультфильмін қосып қарсы алу.<br>«Қайырлы таң» https://cdn.onlinebalabaqsha.kz/inside2020/storage/media/video/8/file/0PBtgzZUyE.mp4<br>(қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | «Бала қасықты қай қолмен ұстайтынын ескеру» | «Бала қасықты қай қолмен ұстайтынын ескеру» | «Есте сақтау қабілетін дамыту жаттығулары» | «Күзгі құбылыстарды атап айтқызу және байқатудың маңызы» | «Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен затын білейік» |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және** | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті суқұйғышпен суаруды көрсету.<br>«Менің Қазақстаным»<br>Қазақстан Республикасының Гимнін орындау.<br>Мақсаты: балалардың патриоттық тәрбиесін қалыптастырады. | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: «Топтың ішін ретке келтір».<br>Мақсаты: балаларды ересектерге көмектесуге машықтандыру; шкафтағы ойыншықтар мен құралдардың ретсіздігін байқап, тазалық орнатуға қатыстыру; еңбек дағдыларын, ұқыптылықты қалыптастыру.<br>«Балапандарды құс қорасына жинайық» ойыны.<br>Мақсаты: үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: бөбекжайдағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу.<br>Балапан ойыншығымен ойнату.<br>Мақсаты:балаларға көркемсөзді тыңдап, соңынан балапанның қимылдарына еліктеуді, эмоционалды жауап беруге ынталандыру; балапанның тауықтың баласы екені туралы ұғымдар қалыптастыру.<br>- Балапаным, балапан, | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: ұйымдастырылған іс-әрекеті кезінде оқу құралдарын тарату және орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру.<br>Пішін салғыш ойыншықпен ойын.<br>«Тауық» (сенсорика, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсаты:баланың ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Пішіндер шашылып қалды,<br>Үйшіктеріне қонбады.<br>Қане, барлығын жинайық, | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, аспидистраның жапырақтары жалпақ және үлкен, ұстағанда жұқа және тегіс болуын бақылау. (еңбек дағдылары)<br><br>Пирамида жинау ойыны. (сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет, құрастыру)<br>Мақсаты:қарапайым пирамиданы үлгі бойынша, ересектің көмегімен, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **басқалары)** | (музыка)<br>Әтеш (қораз) ойыншығымен ойнату.<br>Мақсаты: балаларға көркемсөзді тыңдап, соңынан балапанның қимылдарына еліктеуге, эмоционалды жауап беруге ынталандыру.<br>Д. Ахметова «Қораз».<br>Қораз! Қораз!<br>Тыңдашы біраз.<br>Алтын сенің айдарың,<br>Көрініп тұр айбарың.<br>Терезеден бір қара,<br>Бұршақ берем мың дана.<br>(сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет) | құралдарды көрсетумен сүйемелдеу сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?» Құстар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>Баланың өз ойыншығын «балапан» деп атап, (басқа баланың қасында отырғанда немесе онымен бірге) ойыншықты үстел үстіне жүргізіп, «құс қорасына» кіргізуге ынталандыру; алғашқы әлеуметтік қатынасу қабілеттерін қалыптастыру.<br>Балаға балапан ойыншығын беріп, құрылыс материалдарынан немесе лего материалдарынан жасалған «құс қорасына» кіргізуді ұсынады.<br>Балалар балапан ойыншығын атап жатады.<br>Балапан ойыннан шаршады,<br>Балапанның қарны ашты.<br>Не айтамыз балапанға?<br>– Анаң күтіп қапты,<br>Бас аяқты!<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, қолдың ұсақ моторикасын дамыту) | Қайда кеттің құлдан?<br>Суға бірге барайық,<br>Саған бидай шашайық!<br>Бидай шоқып тоқ-тоқ-тоқ,<br>Қанатыңды соқ-соқ-соқ.<br>(сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет) | Ұяларға сай салайық.<br>– Тауықтың ішіне не жасырылған?<br>– Қандай пішіндерді жинап алған?<br>"Торғай" саусақ жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты: балалардың тақпақты мәнерлеп оқуға, мазмұнына сай қимылдарды жасауға машықтандыру; сөйлеу мәнерін, ұсақ қол моторикасын жетілдіру.<br>Торғай, торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып,<br>Тойған қоыдай монтайып,<br>"Шип-шип" десіп отырар. | өз бетінше құрастыруға, [illegible] мүмкіндік беру. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндік жасау; ойлау, қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Кім пирамиданы шашқан,<br>Сақинаны ойнап басқан,<br>Өткір тырнақтарын бүріп,<br>Домалатып, айлап қашқан?<br><br>«Доптарды домалату» қимылды ойыны.<br>Мақсаты: балаларға отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалатуды үйрету.<br>Балалар ойынды ұйымдасып ойнайды.<br>(дене тәрбиесі)<br><br>«Балабақша» BilimKids дамытушы мультфильмі<br>https://youtu.be/dYhB7KousIA |
| **Ертеңгілік жаттығу** | (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)<br>1. «Керілу жаттығулары».<br>Бастапқы қалып: аяқты бірге немесе иықтың еніне қою.<br>Бір қолды жоғары көтеріп, екіншісін жанына қарай созады, одан кейін керісінше осы ретпен кезек-кезек қайталайды.<br>Жаттығу баяу, ақырын жасалуы тиіс. Ырғақ: 1-2 – керілу, тыныс алу; 3-4 бастапқы қалыпқа оралу, демді сыртқа шығару.<br>2. «Қол мен иыққа арналған жаттығулар».<br>Бастапқы қалып: аяқты иықтың еніне қою.<br>Қолды иыққа қою. Қолды иыққа қарай иген күйде айналдыра қозғау.<br>Қолын түзу ұстаған қалпы айналдыру.<br>Бір қолды жоғары көтеріп, екіншісін кейін сермейді де, осы қимылдар бірнеше рет қайталанады.<br>3. «Аяққа арналған жаттығулар».<br>Бастапқы қалып: аяқты иықтың еніне қою.<br>Аяқтың ұшына көтерілу, қайтадан өкшемен төмен түсу. (3 рет қайталау) (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі) | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)<br>Айтшы, әжем,<br>Дайын ба көжең?<br>Еті пісті ме? | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сорпасы кою ма?<br>Жармасы ұсақ па?<br>Картопы жұмсақ па?<br>Картопты жеймін,<br>Сорпасын ішемін,<br>Түгелін тауысамын,<br>"Рақмет" айтамын. (Д. Ахметова) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | «Менің Қазақстаным» – Қазақстан Республикасының Гимнін орындау.<br>«Күй күмбірі». Әсеттің әні «Қоңыр қаз». (орындаған Нұржан Нұрпейісов) https://kitap.kz/music/1/nurzhan-zhanpeyisovting-oryndauyndagy-nder<br>«Өнегелі». «Менің армандарым және мақсаттарым». Тақырыбы: «Мен нені қалаймын?» Мақсаты: балалардың не қалайтындарын, не ұнататындарын анықтау. Қауіпсіз жайлы дамытушы білім беру ортаны қалыптастыру | | | | |
| | Балалардың жағымды көңіл күйін қалыптастыру.<br>Ұйымдастырылған іс-әрекетке жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін баяу ырғақты әуенжазба қосу.<br>Күн суық,<br>Жаңбыр жауады.<br>Жылы жаққа құс ұшады,<br>Қанаттарын кең жаяды,<br>«Қош!» – деп айтады.<br>«Қош!» – деп айтады.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | Балалардың жағымды көңіл күйін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін баяу ырғақты әуенжазба қосу.<br>С.Торайғыров «Жапырақтар».<br>Гүлдеген, біткен жапырақ,<br>Бұтақтары салбырап,<br>Уақыты еді жетілген<br>Көз тартарлық балбырап.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | Балалардың жағымды көңіл күйін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін баяу ырғақты әуенжазба қосу.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Қ.Аманжолов «Балалар — біздің болашақ».<br>Балалар — біздің болашақ,<br>Сүйсінеміз, сүйеміз.<br>Бұл болашақ тамаша-ақ!<br>Болашаққа иеміз.<br>Көтеріп жас сәбиді,<br>«Күлші, бөпе, күл!» — дейміз.<br>Көңіл дария шалқиды,<br>Балалармен гүлдейміз. | Балалардың жағымды көңіл күйін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін баяу ырғақты әуенжазба қосу.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Қ.Мырза Әли<br>«Күз»<br>Күз де келді, күз келді,<br>Күдерін жаз үзген-ді.<br>Күз де келді, күз келді,<br>Көкте бұлттар жүзді енді.<br>Күз де келді, күз келді,<br>Құстар мекен іздеді.<br>Күз де келді, күз келді,<br>Қондырмады түзге елді.<br>Күз де келді, күз келді,<br>Керек оқу бізге енді. | "Торғай" саусақ жаттығуы.<br>Мақсаты: балалардың тақпақты мәнерлеп оқуға, мазмұнына сай қимылдарды жасауға машықтандыру; сөйлеу мәнерін, ұсақ қол моторикасын жетілдіру.<br>Торғай, торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып,<br>Тойған қозыдай монтайып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар. |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Ерте жас**<br>**Дене тәрбиесі**<br>«Допты қалай домалатамыз?» ойыны.<br>Міндеттері: домалату, лақтыру. Допты бір қолмен және екі қолмен ұстау, көлемдері әртүрлі доптар мен шарларды жинау, оларды өз бетінше себетке (жәшікке) салу, шарларды домалату, допты екі қолмен алға лақтыру, допты алға домалату (отырып, тұрып). Балаларды жұп табуға және жұпта | **Ерте жас**<br>**Музыка**<br>«Құстар қалай шиқылдайды?» ойыны.<br>Міндеттері: балаларға мазмұны бойынша жақын әндерді тыңдауды, олардың көңіл-күйін эмоционалды қабылдауды, ересектің көрсетуі бойынша сәйкес қимылдармен сүйемелдеуді, қосылып ән айтуды үйрету (айта алуына қарай). «Әлди-әлди» әуенін эмоциалды қабылдау, жағымды әсер алу қабілетін қалыптастыру. Дауысты біркелкі, әндетіп шығаруды, сөздің екпінді | **Ерте жас**<br>**Дене тәрбиесі**<br>«Секіріп үйренеміз!» ойыны.<br>Міндеттері: балаларды таспа (лента) мен арқаннан екі аяқпен алға секірудің орындалуымен таныстыру; көлденең нысанаға лақтыруды үйрету. Балалардың өмірін қорғау және денсаулықты нығайту. Қимыл-қозғалыстарға деген биологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру. Жүру, лақтыру, секіру, тепе-теңдікті жетілдіруге мүмкіндік беретін негізгі қимыл түрлерін дамыту. Дене тәрбиесі әрекетін орындауға қызығушылықты | **Ерте жас**<br>**Дене тәрбиесі**<br>«Торғай сияқты секіреміз» ойыны.<br>Мақсаты:балаларда жағымды эмоционалды көңіл күй қалыптастыру; балаларды таспадан (лента), арқаннан екі аяқпен алға секіруге жаттықтыруды жалғастыру; көлденең нысанаға тура лақтыру. Балалардың өмірін қорғау және денсаулықты нығайту. Қимыл-қозғалыстарға деген биологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру. Жүру, лақтыру, секіру, тепе-теңдікті жетілдіруге мүмкіндік беретін негізгі қимыл түрлерін дамыту. Дене тәрбиесі | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарапайым қимылдар жасауға, белгілі бір бағытта қозғалуға, допты домалатуға машықтандыру, мұқият тыңдауға және қимылдар басталғанша белгіні күтуді үйрету. Балалардың өмірін қорғау және денсаулықты нығайту. Қимыл-қозғалыстарға деген биологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру. Негізгі қимыл түрлерін дамыту. Дене шынықтыру әрекетін орындауға қызығушылықты дамыту. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>«Біз бидай егеміз» ойыны.<br>Мақсаты:<br>балаларды бір қатарға тұрып, алдыға қарай аяңдап жүруді үйрету. Жүріп келе жатып оң қолдарымен егін егу қимылын жасату. (педагог балалардың арасына бір орын қалдырып тұрғызады, олардың созған қолдары бір-біріне тиіп кетпеуі керек) | буындарын созып айтуды үйрету. Музыкамен жүруге, қарапайым би қимылдарын көрсетуге үйрету. Өзін еркін ұстауға тәрбиелеу. | дамыту. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>«Мені қуып жетіңдер!» қимылды ойыны.<br>Мақсаты: жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Айналасындағы адамдардың сөзін тыңдау, олардың ауызша айтылған талаптарын орындау. | әрекетін орындауға қызығушылықты дамыту. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br><br>«Ұядағы балапандар» қимылды ойыны.<br>Мақсаты: жүру және тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Шағын, мазмұны түсінікті тақпақтарды тыңдату, шығарманы оқып беруді әрекеттерді көрсетумен (әңгімелеу) сүйемелдеу. Айналасындағы адамдардың сөзін тыңдау, олардың ауызша айтылған талаптарын орындау.<br>Балапандар,<br>Шиық-шиық,<br>Лық-лық,<br>Дорбаны ашамыз,<br>Тәтті жем шашамыз.<br>Ұшып келші,<br>Шоқып терші.<br>(Д. Ахметова) | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Кіші топ**<br>Дене тәрбиесі<br>«Аттап жүгірейік».<br>Міндеттері: балалардың заттардан аттап жүру дағдыларын жетілдіру; өткен тақырыпты қайталау; жаттығуды жасау кезінде қимыл белсенділігін арттыру; заттарды құлатпай аттап жүру дағдыларын дамыту; заттардан аттағанда қимыл ептілігін жетілдіру; жалпы дамыту жаттығулары арқылы балалардың тыныс алу органдарының жұмысына жақсы әсер ету. Балалардың қимылды ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ету. Қимылдарды үйлесімді орындауға үйрету.<br>«Қаптан бидай шашамын» ойыны.<br>Мақсат-міндеттер. Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Бидай шашуды және қайта жинауды үйрету. Қимыл ептілігін дамыту. (дене тәрбиесі) | **Кіші топ**<br>Музыка.<br>"Торғайсың, тынбайсың!"<br>Міндеттері:<br>музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу.<br>Балалардың құстар туралы музыканы тыңдауға қызығушылықтарын арттыру; әндегі дыбыс ұзақтығын ажырата білу, музыкадағы әсемдік пен нәзіктікті қабылдай білу қабілетін қалыптастыру. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту. Музыканың сүйемелдеуімен топпен жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету.<br><br>"Торғайдың тамағы" музыкалық-дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты:заттардың арасынан торғайдың жейтін жемін анықтауды үйрету. Еске сақтау, ойлау, зейін, тіл дамыту. | **Кіші топ**<br>Дене тәрбиесі «Торғай секіреді».<br>Міндеттері: балаларға заттардың үстінен екі аяқпен секіруді үйрету; епті, ұқыпты болуға тәрбиелеу. Жалпы дамытушы жаттығуларды соңынан қайталап, ойындарды ойнату, балалардың денсаулығын нығайту. Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, секіру. Балалардың қимылды ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ету.<br>«Маған қарай секіріңдер» ойыны.<br>Мақсаты: еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруді үйрету. | **Кіші топ**<br>Дене тәрбиесі<br>«Көңілді секірейік!»<br>Міндеттері: жалпы дамытушы жаттығуларды соңынан қайталап, ойындарды ойнату, балалардың денсаулығын нығайту. Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, секіру. Балалардың қимылды ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ету. Қимылдарды үйлесімді орындауға үйрету.<br>«Көңілді секіреміз» ойыны.<br>Мақсаты: еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 тақтайдан) аттап секіруді үйрету. Қимыл ептілігін дамыту. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құрастырудан ойын-жаттығулар.<br>«Балапанға саты».<br>Мақсаты:балаларға балапанға кірпіштен саты құрастыруды үйрету; кірпішті бір-біріне жалғап қосып, кірпішті бірінің үстіне бірін қойып, саты құрастыруға дағдыландыру; педагогтің үлгісі бойынша балапанға саты жасауға жаттықтыру; жыл құстары туралы түсінік беру.<br>Балалардың құрылыс материалдарымен жұмыс істеу мүмкіндіктерін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін және байқампаздығын дамыту.<br>«Балапанға саты» іс-тәжірибе жаттығуы.<br>Мақсаты: кірпіштен саты құрастыруды үйрету, есте сақтау, ойлау, сөйлеуді дамыту. | Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.<br>Мақсаты:<br>Өлеңмен үзінді оқу арқылы балаларды күз мезгілінде жапырақтардың сарғаюы, жерге түсуі туралы ұғымдарын қалыптастыру; күзгі құбылыстарды көркемсөзбен бейнелеуге жаттықтыру. М.Әлімбаев «Күз келді»<br>Сарғайды тоғай,<br>Сап-сары маңай.<br>Соңғы әнін айтып,<br>Құс кетті қайтып.<br>Айнала жым-жырт,<br>Көк аспан сұрғылт.<br>Жер жыртқан тыңда<br>Трактор қырда.<br>Жапырақ ұшты,<br>Суық та түсті.<br>Сонда да бізге,<br>Қызық көп күзде. | Сурет салудан ойын-жаттығулар.<br>«Сары балапан».<br>Мақсаты: балаларды қарындаштың жуандығындай таяқшаны үш саусақпен ұстап, сорғышқа оралған ұшын сары гуашь бояуына малып, балапан суретінің кескіні бойымен біркелкі қимылдармен жуан дақтарды қойып, балапан сұлбасының ішін толық бояуды үйрету; балапан бейнесін сақтау үшін өз қимылдарына бақылау жасап, кескін аясынан шығармауға дағдыландыру; бояудың бітіп қалғанын түсіндіріп, таяқшаның ұшын бояуға қайта малу амалдарын көрсету; сурет аяқталған соң таяқшаны тіреуішке тіреп қоюға жаттықтыру; балапан денесі үлпілдеген мамыққа толы екені туралы ұғымдар беру.<br>«Балапандар» қимылды ойыны.<br>Мақсаты: қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсына айқастыру және екі жаққа жазу. Балапандардың қимылдарын қайталауды үйрету. Дене қимылдарының икемділігін, есте сақтау, ойлау, зейін, сөйлеуді дамыту. | Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.<br>М. Мақатаевтың «Сап-сары жапырақтар» өлеңі.<br>Мақсаты: балаларды М.Мақатаевтың «Сап-сары жапырақтар» өлеңінің үзіндісімен таныстыра отырып, күз мезгілінде жапырақтардың жерге түсуі туралы ұғымдарын қалыптастыру; күзгі құбылыстарды көркемсөзбен бейнелеуге жаттықтыру.<br>«Жапырақтарды түстеріне қарай топтастыр, себетке бөліп жина» ойын жаттығуы.<br>Мақсаты: заттарды түстеріне қарай топтастыруды үйрету. Есте сақтау, зейін, ойлау, сөйлеуді дамыту. | Музыкадан ойын-жаттығулар.<br>«Құстар әні».<br>Мақсаты:балаларды құстар тақырыбына қатысты музыканы тыңдап, қызығушылығын білдіруге ынталандыру; әндегі дыбыс ұзақтығын ажырата білу қабілетін жетілдіру.<br>«Құстардың ұясы» ойыны.<br>Мақсаты:балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Ереже бойынша ойнауды үйрету. Қимыл жылдамдығын дамыту. (тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка, дене тәрбиесі) |
| **2-ші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. «Тәбетіміз ашылды, ас болсын!» (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Ересектің бақылауымен белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қауіпсіздік. Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту. | | | | |
| **Серуен** | Картотека № 4 | Картотека № 6 | Картотека № 10 | Картотека № 13 | Картотека № 15 |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Түскі ас** | Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру.<br>Қасығымыз қайда?<br>Табақшамыз қайда?<br>Өзіме жақын тартамын,<br>Тамақты тауысып жеймін<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)<br>Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға ынталандыру. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Күндізгі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау (мәдени-гигиеналық дағдылар).<br>"Әлди - әлди" әні.<br>Көзімнің ағы-қарасы,<br>Жүрегімнің парасы,<br>Уайым-қайғы ойлатпас,<br>Көңілімнің сапасы.<br>Айналайын, шырағым!<br>Көлге біткен құрағым!<br>Маңдайдағы құндызым,<br>Аспандағы жұлдызым. | Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы музыка тыңдау. (музыка) | Киімдерін орындыққа ұқыпты іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.<br>«Мұрагер» ертегісін оқып беру.<br>(көркем әдебиет) | Киімдерін орындыққа ұқыпты іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету.<br>«Бір үзім нан» ертегісін оқып беру.<br>(көркем әдебиет) | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастырады.<br>«Жеті лақ» ертегісін оқып беру.<br>(көркем әдебиет) |
| Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары | Ауа ванналары.<br>Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев «Мөлдір су» (орыс тілінен аударма).<br>Мөлдір су, мөлдір су!<br>Сен менің бетім жу.<br>Отты көзім ойнасын,<br>екі бетім жайнасын.<br>Күлкі кетпей еріммен,<br>Тісім тастан таймасын!<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі) | | | | |
| Бесін ас | Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) | «Қайырлы таң!» мультфильмін көру.<br>Мақсаты:балалардың эмоцияларын жетілдіру;<br>ересек пен топтастар қасында жүріп, үй жануарлары мен құстарды ажырату, атау қабілеттерін қалыптастыру.<br>«Қораз» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br>Мақсат: балаларға қораздың (әтеш) қимылдарына еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі санының сыртынан соққылауды (ақырын) үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға | Ойын-имитация. «Балапандар». (дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты: қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазуды үйрету. Түйсікті, эмоцияларды дамыту.<br>Балаларға балапандар маскаларын кигізу.<br>– Балапандар!<br>Балапандар! (орнында адымдау)<br>Қалыспаңдар!<br>Қайталаңдар! (орнында адымдау)<br>Қатарларға тұрайық, (аяқтар иық енінде, қол белде)<br>Тезірек қанат қағайық. (тізе сәл бүгулі, алақанмен жамбасын қағу)<br>Оңға созып мойынды, (қолдар белде, | «Балапандар» жаттығуы. (дене тәрбиесі)<br>Мақсаты: қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазуды үйрету. Түйсікті, эмоцияларды дамыту.<br>Балаларға балапандар маскаларын кигізу.<br>– Балапандар!<br>Балапандар! (орнында адымдау)<br>Қалыспаңдар!<br>Қайталаңдар! (орнында адымдау)<br>Қатарларға тұрайық, (аяқтар иық енінде, қол белде)<br>Тезірек қанат қағайық. (тізе сәл бүгулі, алақанмен жамбасын қағу)<br>Оңға созып мойынды, (қолдар белде, оңға еңкею, мойнын созу, екінші аяқты | «Бұлттар ұқсап ұшайық» қимылды ойыны.<br>Мақсаты:балаларды өлеңді толық қайталауға ынталандыру.<br>Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету.<br>Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару.<br>Қ. Мырза Әли «Аспанда».<br>Бір бұлт шықты бие болып,<br>Бір бұлт шықты түйе болып,<br>Бір бұлт шықты шошқа болып,<br>Бір бұлт шықты қошқар болып.<br>– Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.<br>– «Қатты жел соқты!» деген сөзімді | «Қуыршақтар» сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты: қарапайым сұрақтарға және неғұрым күрделі сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету; белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді орындауға баулу. Әртүрлі ыдыс-аяқ түрлері туралы білімдерін бекіту, ыдыс-аяқты мақсатына сай пайдалану дағдысын қалыптастыру; тамақтану кезінде өзін әдепті ұстау мәдениетін тәрбиелеу.<br>Құстар туралы тақпақтарды айту жаттығулары. (тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | талпындыру.<br>Балаларға қораздың қимылдарын көрсетеді.<br>– Балалар, мен қандай құстың қимылдарын көрсеттім?<br>– Иә, қораз деген құс. Жарайсыңдар!<br>– Балалар, менің соңымнан қайталайықшы, қоразға ұқсап қимылдайық.<br>Д. Ахметова «Қораз».<br>Қораз! Қораз!<br>Тыңдашы біраз.<br>Алтын сенің айдарың,<br>Көрініп тұр айбарың.<br>Терезеден бір қара,<br>Бұршақ берем мың дана.<br>– Жарайсыңдар!<br>– Балалар, қораз қалай дыбыстайды?<br>– Иә, қораз «ку-ка-ре-ку» дейді. | оңға еңкею, мойнын созу, екінші аяқты түзу тұр)<br>Солға созып мойынды, (қолдар белде, солға еңкею, мойнын созу, екінші аяқты түзу тұр)<br>Екі аяқта тұрып,<br>Бір созайық мойынды, (аяқтың ұшына тұру, мойынды жоғары созу)<br>Мүсіндеуден жаттығуы. "Құстарға жем". (мүсіндеу, қоршаған ләлеммен таныстыру)<br>Мақсаты: кесектерді үзіп-жұлу, дөңгелектеу техникаларын бекіту; белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді жасауға ынталандыру. | түзу тұр)<br>Солға созып мойынды, (қолдар белде, солға еңкею, мойнын созу, екінші аяқты түзу тұр)<br>Екі аяқта тұрып,<br>Бір созайық мойынды, (аяқтың ұшына тұру, мойынды жоғары созу)<br>(құрастыру, дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>«Не, қалай дыбыстайды?» дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты: аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға), үй құстарын (тауық, қаз, үйрек), маусымға тән табиғат құбылыстарын бақылау. Балаларды құстардың дыбыстарын айтуға ынталандыру; құстарды ажыратуды үйрету; жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту.<br>Балаларға тырна мен торғай дыбыстарын тыңдатады, олардың дыбыстарына еліктеу сөздерін айтқызады.<br>Кейін аудиожазбаны тыңдатқанда балалар тырналарды «у-у-у», торғайларды «шиық-шиық» деп дыбыстайды. | естігенде, сендер мен көрсеткен жерге, бұлттарға ұқсап «ұшасыңдар». (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Жапсырудан жаттығулар. "Ұшқан құстар". (жапсыру, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсаты:жапсыруға қызығушылықты ояту. Фланелеграфта құстар бейнелерін орналастыруға ынталандыру. | Мақсат-міндеттер. Қимылдарды үйлесімді орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге үйрету; педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.<br>Ескен Елубай «Құстар, қайтып келіңдер!»<br>Қимас әнге салады,<br>Құстар қайтып барады.<br>«Қош болыңдар!» – дегендей,<br>қанаттарын қағады.<br>Сау-саламат болыңдар,<br>Жылы жаққа барыңдар.<br>"Торғай" (ел аузынан)<br>Торғай-торғай тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып,<br>Түймедей боп монтыйып,<br>"Шіп-шіп" десіп отырар,<br>Торғай-торғай топтаған.<br>Тоғайды торғай мақтаған,<br>Бір торғай ұша бораңда,<br>Іздеп бәрі жоқтаған. |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Әтеш (қораз) ойыншығымен ойнату.<br>Д. Ахметова «Қораз».<br>Қораз! Қораз!<br>Тыңдашы біраз.<br>Алтын сенің айдарың,<br>Көрініп тұр айбарың.<br>Терезеден бір қара,<br>Бұршақ берем мың дана.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Ғ. Тапишке | Саусақ жаттығуы. «Балапан».<br>Сап-сары ойыншық,<br>Дыбыстайды: «Шиық-шиық».<br>Балапан, жүні үлпілдек,<br>Тынымсыз, тентек.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Паласатқа | Балапан ойыншығымен ойнату.<br>Балапаным, балапан,<br>Қайда кеттің ауладан?<br>Суға бірге барайық,<br>Саған бидай шашайық!<br>Бидай шоқып тоқ-тоқ-тоқ,<br>Қанатыңды соқ-соқ-соқ.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Исажанға | «Құстарға жем».<br>Ермексаздан көлемі бірдей кесектерді үзу, ұсақ жем түйіршіктерін илеу амалын игерту.<br>(мүсіндеу, көркемсөз)<br>Құс ұясын бұзбаңдар,<br>Балапанын алмаңдар.<br>Құстар біздің досымыз,<br>Обалына қалмаңдар.<br>Қуайшқа | «Торғай» саусақ жаттығуы.<br>Мақсаты:балаларды тақпақты мәнерлеп оқуға, мазмұнына сай қимылдарды жасауға машықтандыру; сөйлеу мәнерін, қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру.<br>Торғай, торғай, тоқылдақ,<br>Жерден тары шоқып ап,<br>Бөтегесі томпайып,<br>Тойған қозыдай монтайып,<br>«Шіп-шіп» десіп отырар.<br>Балалар бас бармақтарын біріктіреді, құстың ұшқанын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | келтіреді, алақандарын қағады. Сұқ саусақтарымен үстел үстін қағады. (тіл дамыту және көркем әдебиет, сенсорика)<br><br>Хамза |
| **Серуенге дайындық** | Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тіс тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Ересектің бақылауымен белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу дағдыларын қалыптастыру.<br>Қауіпсіздік. Балаларға "бұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау жайында ескерту. | | | | |
| **Серуен** | Картотека № 5 | Картотека № 12 | Картотека № 19 | Картотека № 11 | Картотека № 13 |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| | | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Бала қасықты қай қолмен ұстайтынын ескеру» | «Бала қасықты қай қолмен ұстайтынын ескеру» | «Есте сақтау қабілетін дамыту жаттығулары» | «Күзгі құбылыстарды атап айтқызу және байқатудың маңызы» | «Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен затын біләйік» |

Тәрбиешілер : Исмагулова Д.Г Фатхоллина А.Ж

**Тексерілген күні:** 28.10.2025
**Әдіскер:** [signature] А.Ж. Жумагалиева

**БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**
**Қазан айы (5 апта)**

Мектепке дейінгі ұйым :«Балбөбек» жеке бөбекжайы
Топ: аралас «Құлыншақ» (ерте- кіші жас)
Балалардың жасы: 1-2 жастағы балалар.
Қандай кезенге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 28.10 - 31.10.2025ж.
**Қазан- Тәуелсіздік және отаншылдық айы**

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **28.10.2025** | **29.10.2025** | **30..10.2025** | **31.10.2025** |
| **Апта дәйек сөздері:Әділдік бар жерде татулық та бар, татулық бар жерде бақыт та бар.** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуен қосып қарсы алу.<br>Кім бізге келіп қалды?<br>Жүзі күлімдеп, бізді баурап алды?<br>«Бұл кім?» – деп қоймыз,<br>Қуана құшақ жаямыз. (Д. Ахметова) | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | | «Баланың тәбетін қалай ашамыз?» | «Табиғи азық-түліктің баланың денсаулығына пайдасы» | «Дәрумендер жемістерде ғана бола ма?» | «Дәрумендер жемістерде ғана бола ма?» |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық,** | | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті суқұйғышпен суаруды көрсету.<br>«Менің Қазақстаным» Қазақстан | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: бөбекжайдағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалануға, күтіп ұстауға, қайта орнына қоюға, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу.<br>Саусақ жаттығуы. | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде оқу құралдарын тарату және орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру.<br>Пазлды жинау. «Қарбыз».<br>Мақсаты:балаларға екі немесе төрт | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: балаларды тамақ ішкенде табақтар мен қасықтарды қою, ішіп болғанда жинастыру дағдыларын орындауға ынталандыру.<br>Қуыршақ ойыншығымен ойнату.<br>Мақсаты:балалардың қуыршақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | | Республикасының Гимнін орындау.<br>Міндеттер: балалардың патриоттық тәрбиесін қалыптастыру.<br>(музыка)<br>«Жүк көлігі не әкелді?» дамытушы ойыны.<br>Мақсаты:баланың дүниетанымын кеңейту, заттарды атауға ынталандыру.<br>Ойыншық жүк көлігімен түрлі заттарды әкеледі, бала оның атауын атайды, түсі мен пішінін айту үшін қолына алады.<br>– Бұл ненің дыбысы?<br>– Бұл ненің жүрісі?<br>– Бип-бип! Абайлаңдар, балалар!<br>Шанағымда сендерге арнаған сыйлықтар бар!<br>Д. Ахметова<br>– Балалар, жүк көлігі не әкелді?<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>BilimKids дамытушы мультфильмі.<br>«Түстер»<br>https://youtu.be/3FbxhGZzbII | Мақсаты:баланың тілін, қол моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлену қабілетін қалыптастыру.<br>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев «Сен қайда бардың?» (орыс халқының тақпағы)<br>– Бармақтай балғын!<br>Сен қайда бардың?<br>– Мына бауырыммен<br>Орманға бардым,<br>Мына бауырыммен<br>Іштім де кеспе,<br>Мына бауырыммен<br>Дәп-ботка жескем,<br>Мына бауырыммен<br>Ән салдым кеште.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>BilimKids дамытушы мультфильмі.<br>«Түстер»<br>https://youtu.be/3FbxhGZzbII | бөліктен қарбыздың тұтас пішінін құрастыруды үйрету; қарбыздың пішіні дөңгелек екенін бекіту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>Әртүрлі түстерге боялған (қатты қағазға жапсырылған) қарбыздың суретін екі немесе төрт бөлікке қиып алады.<br>(сенсорика)<br>«Ботқа пісіреміз» дидактикалық ойыны. (сенсорика, тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсаты: балаларға қасықты дұрыс ұстап отырып, саусақтарымен заттарды ұстауды және қол білегімен айналмалы қимылдар жасауды үйрету.<br>Қажетті материалдар: қуыршақ, аю, ағаш қасық (шағын), балаларға арналған ыдыс-аяқ, бұршақ (асбұршақ). | ойыншығын әлдилеуі арқылы алғашқы әлеуметтік қатынастар үлгісін көрсету, эмоционалдық жауап қайтаруға ынталандыру.<br>С. Әлімқұлов «Әлди, әлди!»<br>Әлди, әлди!<br>Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе ғой.<br>Жыламашы, көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br><br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін есікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>BilimKids дамытушы мультфильмі.<br>«Түстер»<br>https://youtu.be/3FbxhGZzbII |
| **Ертеңгілік жаттығу** | (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі)<br>1. «Керілу жаттығулары».<br>Бастапқы қалып: екі аяқты бірге немесе иықтың енімен қою.<br>Бір қолды жоғары көтеру, екіншісін жанына қарай созу, осы ретпен кері тәртіпте кезек-кезек қайталайды.<br>Жаттығу баяу, ақырын жасалуы тиіс. Ырғақ: 1-2 – керілу – тыныс алу; 3-4 бастапқы қалыпқа оралу, тыныс алу.<br>2. «Қол және иыққа арналған жаттығулар».<br>Бастапқы қалып: екі аяқты иықтың еніне қою.<br>Қолды иыққа қою. Қолды иыққа қарай иген күйде айналдыра қозғау.<br>Түзу тұрған қолды айналдыру.<br>Бір қолды жоғары көтеру, екіншісін кейін сермеу, осы қимылдар бірнеше рет қайталанады.<br>3. «Аяққа арналған жаттығулар».<br>Бастапқы қалып: екі аяқты иықтың еніне қою.<br>Аяқтың ұшына көтерілу, өкшемен қайтадан төмен түсу. (3 рет қайталау) (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі) | | | | |
| **Таңғы ас** | Тамақтану рәсіміне қызығушылықты қалыптастыру.<br>«Дана ботқа жемейді».<br>Дана ботқа жемейді,<br>«Тауыса алмаймын», – дейді.<br>Дана, басқалардан қалма,<br>Ананның мазасын алма.<br>Қане, қасық ұстайық, | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дәмді асты тауысайық.<br>Д. Ахметова<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркемсөз) | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | «Менің Қазақстаным» – Қазақстан Республикасының Гимнін орындау.<br>«Күй күмбірі». «Абай толғау» (орындаған Қаршыға Ахмедияров) https://kitap.kz/music/2/qarshyha-axmediyarov-kujler-ii<br>«Өнегелі». Тақырыбы: «Қоғамдық мүлікті сақта». Мақсаты: балабақша мүлкімен таныстыру, оны күтіп ұстаудың маңызын түсіндіру, үлгі көрсету, қолданудағы қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Қауіпсіз жайлы дамытушы білім беру ортаны қалыптастыру | | | | |
| | | Сәлемдесу ойыны "Менің көмекшілерім".<br>Мақсаты: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; дене мүшелерін қабылдап тануға тәрбиелеу.<br>Мынау – менің жүрегім,<br>Бәрі осыдан басталған,<br>Мынау – басым ақылды.<br>Бәрін осы басқарған.<br>Мынау – менің оң қолым,<br>Мынау – менің сол қолым.<br>Барлық істі атқарған. (тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі) | Жылулық шеңбері (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Ашық менің жүрегім<br>Ылғи күліп жүремін.<br>Бірге ойнап жүретін<br>Достарым көп, білемін! | Тақпақты мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты: балаларды көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру; жемістерді (алма) ажыратуға баулу.<br>Домалақ, қызыл алманы<br>Тістеп көрсең, болғаны:<br>Тәтті дәмін білесің,<br>Қуанасың, күлесің. (Дина Ахметова) | Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру.<br>Ұйымдастырылған іс-әрекетіне көңілді ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Бір қап көгөніс.<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Дәмі тәтті жеміс.<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Саңырауқұлақ пен жаңғақ.<br>- Не әкелдің, жомарт күз?<br>- Суық жел әкелдім, алтын жапырақ.<br>Жаңбырды төктім,<br>Бүкіл алқаптан өттім.<br>Абайлаңдар! Қысқа дайындалыңдар!<br>Д. Ахметова<br>( тіл дамыту және көркем әдебиет) |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | | **Ерте жас**<br><br>**Музыка**<br>«Бізге күз сыйын тарту етеді» ойыны.<br>Міндеттері: музыкаға, ән салуға, музыкалық-ырғақтық қимылдарға қызығушылықты қалыптастыру. Баяу музыкамен таныстыру. Ересектің көрсетуі бойынша сәйкес қимылдармен сүйемелдеуді үйрету. Баяу сипаттағы әуенге аяңдап жүру. Музыкаға деген қызығушылықты ояту. Балаларға мазмұны бойынша жақын әндерді тыңдауды, олардың көңіл-күйін эмоционалды қабылдауды, қосылып ән айтуды (айта | **Ерте жас**<br>***Дене тәрбиесі***<br>«Кел, доп лақтырайық» ойыны.<br>Міндеттері: екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр қашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру.<br>Балалардың өмірін қорғау және денсаулықты нығайту. Қимыл-қозғалыстарға деген биологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру.<br>Жүруді, жүгіруді, лақтыруды жетілдіруге мүмкіндік беретін негізгі қимыл түрлерін дамыту.<br>Дене шынықтыру әрекетін | **Ерте жас**<br>***Дене тәрбиесі***<br>«Біз мергенбіз» ойыны.<br>Міндеттері: еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруді үйрету.<br>Балаларда жағымды эмоционалды көңіл күй қалыптастыру; көлденең нысанаға тура лақтыру, белгіге әрекет жасау қабілеттерін қалыптастыру.<br>Балалардың өмірін қорғау және денсаулықты нығайту. Қимыл-қозғалыстарға деген биологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру. Жүру, лақтыру, секіру, тепе-теңдікті жетілдіруге мүмкіндік беретін негізгі | . |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | алуына қарай) үйрету. | орындауға қызығушылықты дамыту. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>«Қапқа картоп жинайық» ойыны. Мақсаты: еденде жатқан жолдың бойымен тура бағытта топпен жүру. Күнделікті өміріне байланысты қарапайым сөз тіркестерін түсіну, өтініштерді орындау, ойыншықтармен күрделі емес бейнелі ойындар ойнау. | қимыл түрлерін дамыту. Дене тәрбиесі әрекетін орындауға қызығушылықты дамыту. Қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>«Торғайлар мен машина» ойыны. Мақсаты:балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Белгі берілгенде алаңда еркін қозғалуды үйрету. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | балапандарынын тіршілігі туралы кысқаша түсінік беру; дидактикалық ойындарда балалардын ой-өрісін кеңейту. Балаларды сөйлеу тілін, еске сақтауы мен зейінін дамыту.<br>"Балапандар" қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>- Балалар, сендер балапан боласыңдар.<br>- Балапандар тауық қорада отырады. Орындықтарға отырғызу.<br>- Балапандарым, аулаға шығыңдар. Балаларды өзіне қарай ойын алаңына шақырады.<br>- Балапандар аулада аяқтарын жоғары көтеріп жүреді. Қалай жүреді? Көрсетіңдер. Қанаттарын сермеп, жан-жаққа жүгіреді. Қалай? Көрсетіңдерші. Бидайды жерден былай шоқиды: "ток-ток-ток". Қанаттарын сермеп, жан-жаққа жүгіреді. Жарайсыңдар! Қимылдарды көрсетіп жүру.<br>- Балапандар! Әне үлкен құс ұшып келе жатыр! Қораға жүгіріңдер! Балалар бір-біріне соғылмай, өз орындарын тауып отыруы үшін асықтыруға болмайды.<br>Ойынды екі рет өткізуге болады. | геометриялық пішіндердің қасиеттерін байқап, біртұтас бейнені құрастыруды үйрету; салыстыру және құрастыру барысында сөздік нұсқау не үлгі нысанына сүйеніп тапсырмаларды дұрыс орындау қабілеттерін қалыптастыру. Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдап, ажырату мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен танымын, байқағыштығы мен эмоциялық сезімдерін дамыту.<br>"Үйшік салайық" іс-тәжірибе жаттығуы.<br>Мақсаты:геометриялық пішіндерден үйшік құрастыруды үйрету. | сызықтарды, "сәулелерді", созып салуға машықтау; шеңберді қағаз бетінің ортасына орналастыруға дағдыландыру; салып қалдырған іздерді басынан бастап, аяғына дейін көзбен бақылап отыруды жаттықтыру; педагогтің көрсеткен үлгісіне ойын арқылы еріп отыруға талпындыру; күннің жарық беру қасиеті туралы түсінік беру.<br>"Күнге не ұқсайды?" дамытушы жаттығуы.<br>Мақсаты:суреттердің пішінін күннің пішініне сәйкестендендіру.<br>Ұқсастықтарды және айырмашылықтарды табуды үйрету. | күйлерін қалыптастыру.<br>"Шеңберде жүр балалар" музыкалық ойыны.<br>Мақсат: әуен ырғағына сай, белгілі ырғақтық қозғалыстарды жасауға дағдыландыру. |
| 2-ші таңғы ас | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. «Тәбетіміз ашылды, ас болсын!» (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Серуенге дайындық | Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Қауіпсіздік. Балалардың түсінігінде «бұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігін ескерту. | | | | |
| Серуен | | Картотека №9 | Картотека № 13 | Картотека № 19 | Картотека № 20 |
| Серуеннен оралу | Балаларға киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| Түскі ас | Тамақтану рәсіміне қызығушылықты қалыптастыру.<br>«Дана ботқа жемейді».<br>Дана ботқа жемейді,<br>«Таусыа алмаймын», – дейді.<br>Дана, басқалардан қалма,<br>Анаңның мазасын алма.<br>Қане, қасық ұстайық,<br>Дәмді асты таусайық. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Кіші топ**<br>**Музыка**<br>"Жайсаң күз".<br>Міндеттері: балалардың музыканы тыңдап, ілесе айтуға қызығушылығын арттыру; әнді тыңдап, сипатын ажыратуды үйрету. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша жүру дағдыларын қалыптастыру. Музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды қайталай білуге, қарапайым (сылдырмақпен) би қимылдарын орындауға машықтандыру. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету, ойындар сахналау. Әдемілікті қабылдай білуге тәрбиелеу.<br><br>"Түсінен таны" ойыны.<br>Мақсаты:балалардың әртістік, шығармашылық қабілеттерін дамыту; эмоционалдық мінезін тәрбиелеу. | **Кіші топ**<br>**Дене тәрбиесі**<br>"Торғай секілді секірейік".<br>Міндеттері: заттардың үстінен (заттарды құлатпай) екі аяқпен аттап секіру іскерліктерін жетілдіру; епті, ұқыпты болуға тәрбиелеу. Жалпы дамытушы жаттығуларды соңынан қайталап, ойындарды ойнату, балалардың денсаулығын нығайту. Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, секіру. Балалардың қимылды ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ету. Қимылдарды үйлесімді орындауға үйрету.<br>"Торғай секілді секіреміз" ойыны. | **Кіші топ**<br>**Дене тәрбиесі**<br>"Домалайды алмалар".<br>Міндеттері: балаларға допты екі қолымен ұстап, бір-біріне домалату жаттығуына үйрету; допты тура көздеп, бір бағытқа домалата білу дағдысын меңгерту; қол мен саусақ бұлшықеттерін дамыту, жаттығуларды ынтамен жасауға қызығушылық қабілеттерін арттыру. Жалпы дамытушы жаттығуларды педагогтің соңынан қайталап, ойындарды ойнату. балалардың денсаулығын нығайту. Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру. Балалардың қимылды ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ету. "Домалайды алмалар!" қимылды ойыны. | |
| | | Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.<br>"Балапан".<br>Мақсаты: балаларды ойыншық балапанның дене мүшелерімен таныстыру және оларды атауды үйрету; құстар мен олардың | Сенсорикадан ойын-жаттығулар.<br>"Үлкен және кішкентай үйшіктер".<br>Мақсаты: балаларға көлемі мен түсінде айырмашылығы бар геометриялық пішіндерді салыстырып, сенсорлық сипаттарын ажыратуды үйрету; | Сурет салудан ойын-жаттығулар.<br>"Күн".<br>Мақсаты: балаларды сары борды үш саусақпен ұстап, ұшын қойған жерден бастап, шеңбермен жүріп, қайта сол нүктеге жеткізуді үйрету; шеңбер шеттерінен бастап, жан-жаққа түзу | Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар.<br>"Жемістер мен көгөністер".<br>Мақсаты: балаларды жеміс және көгөніс түрлерімен таныстыра отырып, қабылдау қабілетін, тілін, түйсігін дамыту; эмоциялық көңіл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Д. Ахметова<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркемсөз)<br>**Ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қоюға машықтандыру.** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | | Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы, баяу ырғақты музыка тыңдау. (музыка)<br>Киімдерін орындыққа ұқыпты іліп (немесе арнайы сөрөге) қоюды үйрету.<br>«Достық» ертегісін оқып беру.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы, баяу ырғақты музыка тыңдау. (музыка)<br>Киімдерін орындыққа ұқыпты іліп (немесе арнайы сөрөге) қоюды үйрету.<br>«Мақтаншақ қоян» ертегісін оқып беру.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы, баяу ырғақты музыка тыңдау. (музыка)<br>Киімдерін орындыққа ұқыпты іліп (немесе арнайы сөрөге) қоюды үйрету.<br>«Құстар неге сөйлемейді» ертегісін оқып беру.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы, баяу ырғақты музыка тыңдау. (музыка)<br>Киімдерін орындыққа ұқыпты іліп (немесе арнайы сөрөге) қоюды үйрету.<br>«Сауысқан мен көкек» ертегісін оқып беру.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | **«Қоян» тақпақ.**<br>Қоян, қоян, тұршы,<br>Беті-қолыңды жушы.<br>Айнаға қарашы,<br>Шашыңды тарашы.<br>Әдемі көйлек киші,<br>Бізге қонаққа келші.<br>Балалар аяқ киімдерін киіп, педагогпен бірге жуынатын бөлмеге барады.<br>Сылдыр, сылдыр, сылдыр су,<br>Мөлдір суға бетің жу.<br>Жуса таза болады,<br>Беті-қолың, маңдайың.<br>Шынықтыру шаралары.<br>Дымқыл сүлгімен сүртіну.<br>**«Денсаулық жолдарымен» жалаңаяқ жүру.** (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, дене тәрбиесі) | | | | |
| **Бесін ас** | **«Біз қалай тамақтанамыз?» ойын жағдаяты.**<br>Дастаркан басында тыныштық сақтау, түзу қалыпта отыру, қасықты дұрыс ұстау, қасыққа біраз ғана тамақ алу, қасықтың жалпақ жағынан ішіп-жеу, сорпатамай және бөгде дыбыстар шығармай тамақтануды үйрету, өздігінен ұқыпты тамақтануға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | | Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.<br>«Балапан».<br>Мақсаты:балаларды ойыншық балапанның дене мүшелерімен таныстыру және оларды атауды үйрету; құстар мен олардың балапандарының тіршілігі туралы қысқаша түсінік беру; дидактикалық ойындарда балалардың ой-өрісін кеңейту. Балаларды сөйлеу тілін, есте сақтауы мен зейінін дамыту. | Сенсорикадан ойын-жаттығулар.<br>«Үлкен және кішкентай үйшіктер».<br>Мақсаты:балаларға көлемі мен түсінде айырмашылығы бар геометриялық пішіндерді салыстырып, сенсорлық сипаттарын ажыратуды үйрету; геометриялық пішіндердің қасиеттерін байқап, біртұтас бейнені құрастыруды үйрету; салыстыру және құрастыру барысында сөздік нұсқау не үлгі | Сурет салудан ойын-жаттығулар.<br>«Күн».<br>Мақсат:балаларға сары борды үш саусақпен ұстап, ұшын қойған жерден бастап, шеңбермен жүріп, қайта сол нүктеге жеткізуді үйрету; шеңбер шеттерінен бастап, жан-жаққа түзу сызықтарды, «сәулелерді», созып салуға машықтау; шеңберді қағаз бетінің ортасына орналастыруға дағдыландыру; салып қалдырған іздерді басынан бастап, аяғына дейін | Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар.<br>«Жемістер мен көкөністер».<br>Мақсаты:балаларды жеміс және көкөніс түрлерімен таныстыра отырып, қабылдау қабілетін, тілін, түйсігін дамыту; эмоциялық көңіл күйлерін қалыптастыру.<br>«Шеңберде жүр балалар» музыкалық ойыны.<br>Мақсаты: әуен ырғағына сай, белгілі ырғақтық қозғалыстарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | «Балапандар» қимылды ойыны<br>– Балалар, сендер балапан боласыңдар.<br>– Балапандар тауық қорада отырады. Балаларды орындықтарға отырғызу.<br>– Балапандарым, аулаға шығыңдар. Балаларды ойын алаңына шақырады.<br>– Балапандар аулада аяқтарын жоғары көтеріп жүреді. Қалай жүреді? Көрсетіңдер. Қанаттарын сермеп, жан-жаққа жүгіреді. Қалай? Көрсетіңдерші. Жерде жатқан бидайды былай шоқиды: «ток-ток-ток». Қанаттарын сермеп, жан-жаққа жүгіреді. Жарайсыңдар! Қимылдарды көрсетіп жүру.<br>– Балапандар! Әне үлкен құс ұшып келе жатыр! Қораға жүгіріңдер! Балалар бір-біріне соғылмай, өз орындарын тауып отыруы үшін ешкімді асықтыруға болмайды. Ойынды екі рет өткізуге болады.<br>(дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет) | нысанына сүйеніп тапсырмаларды дұрыс орындау қабілеттерін қалыптастыру. Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдап, ажырату мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен танымын, байқампаздығы мен эмоциялық сезімдерін дамыту.<br>«Үйшік салайық» іс-тәжірибе жаттығуы.<br>Мақсаты:геометриялық пішіндерден үйшік құрастыруды үйрету.<br><br>«Жемістер» дамытушы ойыны.<br>Мақсаты:балаларды жемістердің атауларын айтуға ынталандыру, нақпішіндерін қолмен сипату арқылы түйсінуді дамыту, барлығын есте сақтауды үйрету.<br>Құралдар: жемістердің нақпішіндері.<br>Бау-бақшада жемістер,<br>Қызарып, толып піскен:<br>Алхоры, өрік, алма,<br>Алмұрт, апельсин, құрма.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, танымдық дағдылар) | көзбен бақылап отыруды жаттықтыру; көрсеткен үлгісіне ойын арқылы еріп отыруға талпындыру; күннің жарық беру қасиеті туралы түсінік беру.<br>«Күнге не ұқсайды?» дамытушы жаттығуы.<br>Мақсаты:суреттердің пішінін күннің пішініне сәйкестендіру. Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табуды үйрету.<br><br>«Біз шалқандай өстік»<br>Мақсаты:балалардың жағымды көңіл күйлерін қамтамасыз ету үшін бойларын сергітіп алуға мүмкіндік беру.<br>«Біз шалқандай өстік».<br>Жаттығуды балаларды шоқайтып отырғызып бастауға болады.<br>Біз шалқандай өстік (орындарынан тұру).<br>Күнге қолды создық (жоғары созылу).<br>Желге қолды бұлғадық (қолдарын бұлғау).<br>Қайта жерге отырдық (қайта отыру).<br>Д. Ахметова<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | жасауға дағдыландыру.<br><br>«Дана қуыршақты серуенге шығарайық» дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты:балаларға киім түрлерін атауды, оларды ажыратуды үйрету; киіну дағдыларына баулу; қандай киімді қайда киетіні туралы білімдер қалыптастыру.<br>Құралдар: қуыршақ, қуыршақтың киім үлгілері немесе заттық суреттер.<br>– Балалар, Дана қуыршақты далаға шығару үшін оған нені кигіземіз?<br>– Қайда кигіземіз? Көрсетіңдерші.<br>Балалар кезегімен шығып, көмегімен киім үлгілерін атайды, киетін жерін көрсетеді, көмегімен киінуді үйренеді.<br>Киім үлгілерінің барлығы аталуы керек.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | «Жемістер».<br>Бау-бақшада жемістер,<br>Қызарып, толып піскен:<br>Алхоры, өрік, алма,<br>Алмұрт, апельсин, құрма.<br>Д. Ахметова<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет) | «Көкөністер».<br>Міне, дәмді көкөністер,<br>Күзге дейін пісіп өскен,<br>Картоп, пияз, қызылша,<br>Қияр, орамжапырақ.<br>Д. Ахметова<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Исакова | «Алма».<br>Мақсат: ермексаздан шар илеу амалын меңгерту.<br>(мүсіндеу)<br><br>Кожатаева | С. Әлімқұлов «Әлди, әлди!»<br>Әлди, әлди, бөпешім,<br>Ән сап берем, келе ғой.<br>Жыламашы, көкешім,<br>Жұбатқанға көне ғой.<br><br>Ұйқың келсе, бөлейін,<br>Тербетейін бесікке,<br>Қаз-қаз басшы, көрейін,<br>Барып келші есікке.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет)<br><br>Хамзаева |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуендеуге арналған ойын жабдықтарын таңдау; балалармен жеке әңгімелесу; шалбардың, бас киімнің және етікті рет бойынша киюлерін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)<br>Қауіпсіздік. Балаларда «бұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» ұғымдарын қалыптастыру, серуенде, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігін ескерту. | | | | |
| **Серуен** | | **Картотека №** 8 | **Картотека №** 5 | **Картотека №** 3 | **Картотека №** 14 |
| **Серуеннен оралу** | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | | «Баланың тәбетін қалай ашамыз?» | «Табиғи азық-түліктің баланың денсаулығына пайдасы» | «Дәрумендер жемістерде ғана бола ма?» | «Дәрумендер жемістерде ғана бола ма?» |

Тәрбиешілер : Фатхоллина А.Ж   Исмагулова Д.Г